Термодинамика денелер энергиясының бір-біріне жылу мен жұмыс түрінде өзгеруін, айналуын зерттейді. Қоршаған ортадағы энергияның осылай алмасуы термодинамикада сандық сипаттама ретінде қарастырылады. Жылу, электрон, атом, молекула сияқты бөлшектердің ретсіз қозғалысын, яғни олардың кинетикалық энергиясының жылу түріндегі энергиямен алмасуын, ал жұмыс — сол бөлшектердің реттелген қозғалысын кинетикалық энергия түрінде сипаттайды.

Термодинамика негізінен термодинамиканың бірінші және екінші заңдары деп аталатын екі заңдылыққа сүйенеді. Олардың екеуі де өмірдегі, өндірістегі тәжірибелерді жинақтап, қорытып, тұжырымдаудан пайда болған. Термодинамика мынадай тараулардан тұрады: энергияның бір түрден екіншіге түрленуіндегі жалпы заңдылықты зерттейтін жалпы немесе физикалық термодинамика, жылу машиналарындағы жылу мен механикалық жұмыстың өзара айналуын, яғни жылудың, жұмысқа, жұмыстың жылуға ауысуын қарастыратын техникалық термодинамика, химиялық реакция, еру, кристалдану, адсорбция сияқты процестердегі энергия түрлерінің өзара алмасуын, айналуын анықтап, есептейтін химиялық термодинамика. Сол сияқты, химиялық термодинамика тек химиялық және басқа да энергиялардағы ара қатынасты зерттеп қана қоймай, белгілі жағдайдағы химиялық процестердің мүмкіндігі мен өздігінен жүру шегін айқындайды. Ендеше, химиялық термодинамика химиялық өндіріс пен технологиялық процестер негізі болып саналатын физикалық-химиялық құбылыстарды нақты түсініп, сауатты есептеп, ұтымды басқаруға көмектеседі [4].

Термодинамикалық әдістегі есептеулерді қолдану өндірістің барлық салаларына өз ықпалын тигізіп, оларды жаңа сатыға көтерді. Ал, қазіргі кезде термодинамикалық әдіс металлургиялық процестерде, пластикалық масса (пластмасса), тыңайтқыш, химиялық талшық өндірісінде, отынды химиялық әдіспен өңдеуде кеңінен қолданылуда. Әсіресе, соңғы жылдары биологиялық термодинамиканың шапшаң дамуына байланысты, өсімдік пен жануар организмдеріндегі биохимиялық процестерге де термодинамикалық есептеу әдістері қолданылуда.

Термодинамиканың алғашқы бағыты табиғатта кездесетін құбылыстарды жай ғана баяндаудан басталып, жылу мен энергия түрлері арасындағы қатынасты сипаттап қана қоймай, оны есептеуді игерді.

Термодинамика математика, физика, химия сияқты түбегейлі ғылым салаларымен тығыз байланыста бірін-бірі толықтыра келіп, ішкі энергияның айналуын анықтап, бағытын, мүмкіндігін көрсетеді. Ал, соңғы жетістіктерге сүйеніп, термодинамика көптеген процестерді есептеп, анықтап, ондағы энергияның қалайша түрленетінін нұсқап қоймастан, жалпы процестің жүру, жүрмеуін алдын ала болжайды..

$$dQ=dU+dA$$

Дене күйінің барлық энергиясы - микроскопиялық қозғалысының толық түріндегі сыртқы кинетикалық энергиясы E_k және салмақ күші өрісі, электрлі немесе магнит өрісі жағдайындағы потенциалды энергия E_n , сонымен қатар, дене бөлшектерінің құрамдық әрекеттері мен қозғалу энергиясын жасаушы ішкі энергия U қосындыларынан тұрады:

$$E = E_k + E_n + U$$

Термодинамиканың екінші заңы да бірінші заң сияқты адамзат өміріндегі тәжірибелер негізінде туған. Оның қалыптасуына жылу машиналарының пайдалы әсер коэффициентін анықтау, есептеу кезіндегі зерттеулер көп әсер етті.

Термодинамиканың екінші бастамасы — статистикалық нысандардың (мысалы, атомдардың, молекулалардың) үлкен санынан тұратын жүйелердің өз бетінше ықтималдығы аздау күйден ықтималдығы молырақ күйге ауысу процесін сипаттайтын табиғаттың түбегейлі заңы [5].

Термодинамиканың екінші заңы табиғаттағы процестердің жүру бағытын көрсетеді.

Өзін қоршаған кеңістікте ешқандай өзгерістер болмайтындай түрде жүретін термодинамикалық процесті қайтымды процесс деп атайды. Қайтымды процесс кезінде термодинамикалық жүйе бастапқы күйіне қайта келеді.

Жылу алмасу кезінде жүретін процесс қайтымсыз процесс болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ремизов А.Н. Медицинская и биологическая физика: учеб. для вузов. -7е изд., стереотип. -М.: Дрофа, 2007.
2. Антонов, В. Ф. Физика и биофизика : учебник. - М.: ГЭОТАР - Медиа, 2010. - 480 с.
3. Антонов В. Ф. Физика и биофизика : курс лекций для студентов мед. вузов: учебное пособие для вузов. -2-е изд., испр. и доп.. -М.: ГЭОТАР-Медиа, 2005. -240 с.
4. Тиманюк В. А. Биофизика : учебник для студентов фармацевтических и мед. вузов. -2-е изд. -К.: ИД "Профессионал", 2004.
5. Байзақ Ү.А., Құдабаев Қ.Ж. Медициналық биофизика мен медтехникалар бойынша лабораториялық практикум.-Алматы: Эверо, 2011

РЕЗЮМЕ

Н. Жанкозин – студент 1-го курса Южно-Казахстанской государственной фармацевтической академии, nurkhan.5797@mail.ru

Научный руководитель – **Г.К.Орманова** –к.п.н., доцент Южно-Казахстанской государственной фармацевтической академии, Ormanova.ganiya@mail.ru.

Во время существования живого организма в системе происходит обмен веществ, вместе с тем произойдет и обмен энергии, то есть обмен веществ тесно связан с обменом энергии. Количество энергии, выделяемой в открытых и закрытых системах, можно вычислить с помощью первого и второго законов термодинамики.

SUMMARY

During existence of a live organism in system there is a metabolism, at the same time there will be also an energy exchange, that is the metabolism is closely connected with an energy exchange. Amount of the energy emitted in the opened and closed systems, it is possible to calculate by means of the first and second laws of thermodynamics.

А.А. Төлегенова, taa8009@mail.ru, Ғ. М. Орманова, Т.А.Алимова, Ж.Б.Бекназарова.

Ғылыми жетекші - Мұхтарқызы Ф.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік фармацевтика академиясы, Қазақстан Республикасы, Шымкент қаласы

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ ВИРУСТЫҚ ГЕПАТИТТЕР БОЙЫНША ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙ


Түйін: Қазақстан Республикасы вирустық гепатиттердің таралуы бойынша жоғарғы эндемиялық аймаққа жатады. Жыл сайын 13 мыңнан 30 мыңға дейін науқастар тіркеліп отырады. Қазақстан Республикасы бойынша ең жоғарғы аурушандық көрсеткіштері Оңтүстік Қазақстан және Қызылорда облыстарында тіркеліп отырады.

Кілт сөздер: жедел вирусты гепатиттер, аурушандық, А гепатиті, В гепатиті, балалар аурушандығы.

Кіріспе: Вирусты гепатиттер - бауырдың зақымдалуымен жүретін, кең таралған, адамның жұқпалы ауруы. Гепатит сөзі латын тілінен аударғанда «бауырдың қабынуы» дегенді білдіреді. Жұғу механизмі мен берілу жолдарына байланысты вирусты гепатиттер екі топқа бөлінеді: бірінші топ - су, тамақ, лас қолдар, ойыншықтар, ыдыстар арқылы берілетін (А және Е гепатиті); екінші топ - инфекцияланған қан арқылы, жыныстық қатынас арқылы, сонымен қатар жүктілік немесе босану кезінде анасынан баласына берілетін (В,С,Д,Г гепатиттері).


Зерттеу материалдары мен әдістері: Оңтүстік Қазақстан облысы «Тұтынушылардың құқұғын қорғау басқармасының» және Шымкент қаласының жұқпалы аурулар ауруханасының 2013 және 2014 жылы гепатиттермен сырқаттанушылықтың статистикалық мәліметтері.

Нәтижелер мен талқылаулар: Оңтүстік Қазақстан облысындағы вирусты гепатитпен аурушандық көрсеткіштеріне қарайтын болсақ, жедел вирусты гепатиттермен ауырғандар саны 2014 жылы 2013 жылға қарағанда 10,5%-ға көбейіп отыр, яғни 2013 жылы 156 адам ауырса, 2014 жылы 178 адам жедел вирусты гепатитті басынан өткерген.



Сурет 1- Оңтүстік Қазақстан облысындағы жедел вирусты гепатиттердің 2013-2014 жылдардағы аурушандығы (100 мың адамға шаққанда).

Аурушандықтың жартысынан көбі (56,1%) 14 жасқа дейінгі балаларда тіркелген. Облыс бойынша тіркелген жедел вирусты гепатиттердің ішінде Шымкент қаласында 2014 жылы 83 аурушандық оқиғасы тіркеліп, ол 46,6%-ды құрап отыр. Екінші орында 37 аурушандық оқиғасымен 20,7%-ды құрап Сарыағаш ауданы тұр. Жалпы тіркелген жедел вирусты гепатиттердің 37,6%-ы ауыл тұрғындарының аурушандығына тиесілі.



Сурет 2 - Оңтүстік Қазақстан облысындағы жедел вирусты гепатиттердің 2014 жылдағы аудандар бойынша таралуы (100 мың адамға шаққанда).

Барлық вирусты гепатиттерді қарастырғанда А гепатиті 155 оқиғамен 87,1%-ды алып отыр. Ал В гепатиті 17 оқиғамен 9,55%-ды, С гепатиті 4 оқиғамен 2,24%-ды құрайды.

Жедел вирустық гепатиттердің ішіндегі көп таралғаны А гепатиті. Ресми статистикалық мәліметтер бойынша Қазақстанда жыл сайынғы тіркелетін вирусты гепатиттердің 80-85%-ын А гепатиті, 10-15%-ын В гепатиті, 2-2,5%-ын С гепатиті және 1,4-6,5%-ын типтік емес гепатиттер құрайды.

А гепатиті - бұл шұғыл және міндетті түрде госпитализацияны қажет ететін күрделі ауру болып табылады. Науқас адаммен қатынастағыларға жедел вирусты А гепатитін жұқтыру ықтималдығы жоғары.

Басқа вирусты гепатиттердің ішінде гепатитті салыстырмалы түрде қатерлі емес ауру: клиникалық көріністер 2 аптаға созылады, бауырдың қызметі 1 ай көлемінде қалпына келеді, емдеу күрделі терапевтикалық әрекеттер немесе сирек фармацевтикалық дәрілерді қажет етпейді, ауру созылмалы нәтижелерді қалдырмайды. Дүниежүзілік әдебиеттердің мәліметтері бойынша летальдік жағдай 0,1-0,4%-ды құрайды және негізінен қосымша патологиялық жағдайлары бар тұлғаларда орын алады.

Басты қиындықты А гепатитінің барлық аймаққа таралуы және бір мезгілде мыңдаған адамдарды зақымдап нағыз эпидемия сипатындағы жоғары аурушандық жиілігі құрайды.

Қорытынды: Оңтүстік Қазақстан облысындағы жедел вирусты гепатиттер бойынша эпидемиологиялық жағдай әлі де күрделі болып отыр. Жоғары аурушандықтың негізгі себептері тұрғындардың сапасы төмен ауыз суын қолдануы. Гепатитпен аурушандық су құбырлары мен құрылғыларының қанағаттанарлықсыз жағдайымен, ауыз судың нашар сапасы мен санына тікелей байланысты. Еліміздің қалаларында ауыз судың техникалық қамтамасыздандырылуы мен залалсыздандырылуы шешімін тауып отырғанмен, ауылдық аймақтардың су құбырлары оларды қамтамасыздандыратын арнайы қызметтердің жоқтығынан қараусыз қалып отыр.

Тағайындалмаған жерлерде тағам өнімдерінің көптеген ретсіз базарлары мен сату орындарының болуы аурушандықтың жоғарғы дәрежесіне ықпал етуші фактор болып табылады. Нәтижесінде гепатиттердің алдын алу шараларын жетілдіріп, халықтың санитарлық-гигиеналық білімін және әлеуметтік-экологиялық жағдайын жақсартуды қажет етеді.

РЕЗЮМЕ

А.А. Тулегенова, taa8009@mail.ru, Г.М.Орманова, Т.А.Алимова, Ж.Б.Бекназарова., Мұхтарқызы Ф.

Южно-Казахстанская государственная фармацевтическая академия, г.Шымкент

ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКАЯ СИТУАЦИЯ ВИРУСНЫХ ГЕПАТИТОВ В ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

Республика Казахстан относится к региону с высокой эндемичностью распространения вирусных гепатитов. Ежегодно регистрируются от 13 до 30 тысяч больных. Однако по регионам заболеваемость распределяется неравномерно. По итогам 8 месяцев 2007 года высокая заболеваемость вирусным гепатитом отмечается в Южно-Казахстанской, Кызылординской областях.

Ключевые слова: острые вирусные гепатиты, заболеваемость, гепатит А, гепатит В, детская заболеваемость.

SUMMARY

A.A. Tulegenova, taa8009@mail.ru, G.M.Ormanova, T.A.Alimovaa, Zh.B.Beknazarova., Mukhtarkyzy F.
South Kazakhstan State pharmaceutical Academy, Shymkent city

THE EPIDEMIOLOGICAL SITUATION OF VIRAL HEPATITIS IN THE SOUTH OF KAZAKHSTAN REGION

The Republic of Kazakhstan is a region with a high endemic viral hepatitis. Annually recorded from 13 to 30 thousand patients. However, the incidence of the regions unevenly distributed. As a result of 8 months of 2007, the high incidence of viral hepatitis observed in the South of Kazakhstan and Kyzylorda regions.

Key words: acute viral hepatitis, the incidence of hepatitis A, hepatitis B, the incidence of children.

УДК 514.742: 577

Ы.К. Султанмуратова – студентка 1-го курса Южно-Казахстанской Фармацевтической Академии, г.Шымкент, Республика Казахстан, sultanmuratova.1997@mail.ru
Научный руководитель – **Г.С. Сарбасова** – старший преподаватель кафедры медицинской биофизики, информатики и математики ЮКГФА, г.Шымкент, Республика Казахстан, sarqaliya@yandex.ru

ПРИМЕНЕНИЕ ВЕКТОРОВ ПРИ РЕШЕНИИ ФИЗИЧЕСКИХ, БИОЛОГИЧЕСКИХ И ХИМИЧЕСКИХ ЗАДАЧ

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматривается применение векторов при изучении некоторых предметов естественнонаучного цикла.

Ключевые слова: вектор, применение векторов, механика, генная инженерия, химия.

С уверенностью можно сказать, что мало кто из людей задумывается о том, что векторы окружают нас повсюду и помогают нам в повседневной жизни. Я обратила внимание, что векторы, помимо точных наук, встречаются нам и на улице. Так, например, во время прогулки в парке, я заметила, что ель, оказывается, можно рассматривать как пример вектора в пространстве: нижняя ее часть – начало вектора, а верхушка дерева является концом вектора. А вывески помогают нам найти местонахождение нужного магазина, службы или другого необходимого объекта.

Цель: Проследить важность понятия «Вектор» в предметах естественно-научного цикла; Рассмотреть вопросы происхождения развития понятия «вектор» при изучении спецпредметов моей будущей профессии; Углубить знания по естественно-научным предметам; Научиться применять векторы при решении задач физического, биологического и химического содержания;

Поискав материал в интернете, я узнала, что понятие «Вектор» - относительно новое математическое понятие и его изучает раздел математики «Векторная алгебра». Мы на занятиях математики изучили следующие темы: Система декартовых прямоугольных координат в пространстве; Скалярные и векторные величины; Действия над векторами; Скалярное произведение двух векторов; Векторное и смешанное произведение векторов, которые необходимы мне в будущей профессии инженера-технолога. Возникновение векторного исчисления тесно связано с потребностями механики и физики. Известно, что такие физические величины, как сила, ускорение, скорость характеризуются не только численным значением, но и направленностью. Как будущему инженеру, изучение векторов дает мне возможность более глубокого понимания формул, законов, чаще всего заданных уравнениями и математическими символами, векторами. Любая сила, например F тяжести, раскладывается по векторам. В основном, это используется при строительстве различных конструкций (построение моста), расчетах летательных аппаратов (вектор скорости для круговых орбит), в навигации морского и воздушного флота.


Интересно, но понятие «вектор» встречается даже в биологии и имеет два определения. **В первом случае вектором называется** организм, переносящий паразита от одного организма-хозяина к другому. Например, клещи являются векторами, переносящими вирус, вызывающий энцефалит.

Во втором случае вектор - автономная молекула ДНК, используемая в генной инженерии, для переноса генов от организма-донора в организм-реципиент, а также для клонирования нуклеиновых последовательностей (клонирование вектор).

Вектором, например, является бактериальная плазмида. Плазмиды дают бактериям большие преимущества, например способность синтезировать вещества опасные для других бактерий- антибиотики, а также быть устойчивыми к антибиотикам своих собратьев. Человек научился использовать эти свойства в медицине. Например, был получен антибиотик против бактерии, вызывающей туберкулез, но эта бактерия эволюционировала и приобрела к нему невосприимчивость. Поэтому необходимо снова искать средство, чтобы справиться с этой болезнью, для этого люди также создают искусственные векторы.

С помощью векторов синтезируются различные лекарства, антибиотики и даже необходимые человеку ферменты, например, инсулин. В генной инженерии недавно зародилось новое развивающееся направление- генотерапия, где **векторы позволяют исправлять генетические дефекты**. Также векторы используют при клонировании.


Свое широкое применение векторы получили в химии. Например, рассмотрим обратимость реакций. Обратимыми называются реакции, протекающие в двух взаимно противоположных направлениях. Такие реакции не доходят до конца и заканчиваются установлением химического равновесия, при котором скорости прямой и обратной реакций равны между собой.




Обратимые реакции не доходят до конца. Концентрации реагентов уменьшаются, что приводит к уменьшению скорости прямой реакции \vec{v} . Скорость же обратной реакции постоянно возрастает, поскольку \vec{v} увеличиваются концентрации продуктов. Когда скорости прямой и обратной реакций станут одинаковыми ($\vec{v} = v \leftarrow$), наступает состояние химического равновесия. Человек научился направлять обратимые химические реакции в нужную для себя сторону, используя действие таких факторов, как температура, давление, концентрация.

Электролиз. Электролиз- это окислительно-восстановительный процесс, протекающий на электропроводах при прохождении электрического тока через расплав или раствор электролита. Знаком вектора обозначается осадок, то есть нерастворимое вещество, которое выпало на дно сосуда, или газ, который уходит вверх, в атмосферный воздух.

Рассмотрим реакцию взаимодействия карбоната кальция с соляной кислотой.



Происходит бурная реакция с выделением углекислого газа, это записывается с помощью вектора, направленного вверх.



Здесь мы видим выпадение в осадок гидроксида меди.

Выводы. Пройдясь по улицам нашего города, понимаю, что понятие вектора встречается на каждом шагу: в тех же самых рекламных плакатах, баннерах, светофорах. Это понятие помогает не только для передвижения или нахождения какого-либо объекта, но и в моей будущей профессии, при построении графиков, чертежей. Базовое понятие «вектор», рассмотренное на занятиях математики, является основой для дальнейшего изучения спецпредметов. Так, например, если применять векторы в физике, то можно решить многие задачи механики; в биологии - векторы позволяют исправлять генетические дефекты, а в химии - выпадение в осадок или выделение газа в атмосферу обозначаются знаком вектор.

Литература

- Беклемишев Д. В., Курс аналитической геометрии и линейной алгебры. Москва; Наука, 1988г.
Лидин Р. А., Аликберова Л. Ю., Химия. Справочник для старшеклассников и поступающих в ВУЗы; М.: «АСТ-ПРЕСС ШКОЛА», 2006г. – 512 с.
Глинка Н. Л., Общая химия: Учебное пособие для вузов; М.: «Интеграл-Пресс», 2008 г. – 728 с.
Уиллет Э., Генетика без тайн; М.: «Эксмо», 2008г. – 224с.

ТҮЙІН

- Ы.К. Султанмуратова** - Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік фармацевтика академиясының 1- курс студенті, Шымкент қаласы, Қазақстан Республикасы, sultanmuratova.1997@mail.ru
Ғылыми жетекші – **Г.С. Сарбасова**- ОҚМФА медициналық биофизика, информатика және математика кафедрасының аға оқытушы, Шымкент қаласы, Қазақстан Республикасы, sarqaliya@yandex.ru

ФИЗИКАЛЫҚ, БИОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ХИМИЯЛЫҚ ЕСЕПТЕРДІ ШЕШУДЕ ВЕКТОРЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Бұл мақалада кейбір жаратылыстану ғылымы циклдары пәндерін оқытуда векторларды қолдану қарастырылады.

Кілт сөздер: вектор, векторлардың қолдануы, механика, гендік инженерия, химия.

SUMMARY

I.K. Sultanmuratova – The year student of South-Kazakhstan State Pharmaceutical Academy, Shymkent, Republic of Kazakhstan, sultanmuratova.1997@mail.ru
Scientific supervisor – **G.S. Sarbasova**, senior teacher of Medical Biophysics, Informatics and Mathematics Department, SKSPhA, Shymkent, Republic of Kazakhstan

USING VECTORS AT SOLVING PHYSICAL, BIOLOGICAL AND CHEMICAL PROBLEMS

This article focuses on vector using at the study of some natural subjects.

Key words: vector, using vectors, mechanics, genetic engineering, chemistry.

Бурабаев А.А., Ворошилова Н.В., Сыздықов А.А.

Южно-Казakhstanская государственная фармацевтическая академия, г.Шымкент, Республика Казахстан

О СИМБИОТИЧЕСКОМ ВЫРАЩИВАНИИ ЛЕКАРСТВЕННЫХ РАСТЕНИЙ

РЕЗЮМЕ

В данной работе приводится описание нового метода выращивания лекарственных растений. Метод заключается в применении симбиоза и гидропонных установок. Симбиоз – это форма взаимоотношений организмов, при которой оба растения или один из них извлекает пользу из другого. Есть все основания полагать, что данный метод позволит увеличить урожай, биохимический состав и лечебный эффект растений.

Ключевые слова: лекарственные растения, симбиоз, гидропоника, биохимический состав, лечебный эффект.

Введение: На сегодняшний день перед мировым сообществом наиболее остро стоят вопросы нерационального использования природных ресурсов. Необходима разработка новых методов выращивания растений, которые бы улучшили биохимический состав, лечебные свойства растений, увеличили бы урожай. Для этого авторами предлагается метод симбиотического выращивания лекарственных растений на гидропонных установках. Цель данной работы: доказать эффективность симбиотического выращивания лекарственных растений с применением гидропонных установок. Задача работы: показать преимущества симбиотического выращивания лекарственных растений.

Материалы и методы: в качестве материалов использовались литературные источники, материалы библиографических баз данных. Методы которые мы применяли: литературный обзор, статистический анализ.

Результаты: В результате проведенного литературного обзора и изучения материалов библиографических баз данных было выяснено, что на сегодняшний день мировое население продолжает расти быстрыми темпами, такими же темпами должно увеличиваться производство продуктов питания. На данный момент примерно 38,6% свободной ото льда суши и 70% пресной воды идут на нужды сельского хозяйства. Обычные методы ведения сельского хозяйства могут вызвать широкий спектр негативных воздействий на окружающую среду. Перечислим лишь некоторые из негативных последствий традиционного сельского хозяйства: высокое и неэффективное использование воды, огромные потребности в земельных площадях, высокие концентрации питательных веществ и пестицидов в стоке, а также деградации почв, которые сопровождаются эрозиями. Поэтому, необходимо введение в сельское хозяйство новых методов. Симбиотическое выращивание лекарственных растений на гидропонных установках заключается в том, что на одной гидропонной установке (вертикальной или горизонтальной гидропонной грядке) будут выращиваться несколько видов лекарственных растений, которые являются друг для друга

наиболее благоприятными симбионтами. К примеру: ромашка аптечная, мята перечная, иссоп лекарственный и шалфей мускатный.

В фармакологии и пищевой промышленности данные культуры используются в качестве сырья для производства медицинских препаратов и эфирных масел. В частности, мята перечная используется в качестве лекарственного и ароматического растения с древних времен. Ее листья используют для ароматизации чаев и настоев. Помимо этого, мята перечная обладает отпугивающим действием от таких насекомых как: белянка капустная, блошки земляные, гусеницы-капустницы, муравьи, тля, домашняя моль. Сушеные цветочные головки ромашки аптечной широко используется в традиционной медицине и фитотерапии в европейских странах. При использовании в виде инфузии, ее экстракты обладают сильным противовоспалительным, антибактериальным, антипептическим и противогрибковым эффектами. Иссоп лекарственный является многолетним травянистым растением из губоцветных, которые облегчают кашель и другие симптомы астмы, поэтому широко использовался в уйгурской медицине. Предыдущие исследования показали, что иссоп лекарственный может играть противовоспалительную роль.

Гидропоника также благоприятно влияет на растения, способствует полной реализации их биологического потенциала. Преимущества использования гидропонии в сельском хозяйстве многочисленны. В дополнение к таким преимуществам, как более высокий выход урожая и эффективное использование воды, которое практикуется в контролируемой среде, гидропонные системы могут быть предназначены для поддержки непрерывного производства сельскохозяйственных культур в течение всего года.

В силу преодоления дефицита земли, воды и других ресурсов, сокращения био- и абиотических загрязнений окружающей среды, снижения высокой стоимости рабочей силы, современная гидропоника и беспочвенное выращивание культур будет играть важную роль в будущем сельского хозяйства и для экологических систем.

Выводы: Таким образом, преимущества использования данного метода многочисленны: 1. метод позволит экономить площади посевов, природные ресурсы получать; 2. улучшится биохимический состав растений; 3. будет получено максимальное количество урожая нескольких видов растений одновременно.

ТҮЙІН

Бурабаев А.А., Ворошилова Н.В., Сыздыков А.А.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік фармацевтика академиясы, Шымкент қ, Қазақстан Республикасы

ДӘРІЛІК ӨСІМДІКТЕРДІ СИМБИОТИКАЛЫҚ ӨСІРУІ ТУРАЛЫ

Дәрілік өсімдіктерді өсірудің жаңа әдісі осы жұмыста сипаттаманы келтіреді. Әдіс симбиоздың қолдануында болады және гидропон қондырғылары. Екі өсімдіктің жанында организмдардың қарым-қатынастарын пішін симбиоз - немесе бірісі басқа пайда табады. Негіздеу бәрі осы әдіс түсім, биохимиялық құрамды үлкейтуге мүмкіндік беретінін сенуге бар, және өсімдік емдік әсері.

Кілт сөздер: дәрілік өсімдік, симбиоз, гидропоника, биохимиялық құрам, емдік әсері.

RESUME

Burabaiv A., Voroshilova N. , Syzdykov A.

South Kazakhstan State Pharmaceutical Academy , Shymkent , Kazakhstan

ABOUT SYMBIOTIC GROW MEDICINAL HERBS

In this paper we describe a new method of growing plants lekarssvennyh . The method consists in the application of symbiosis and hydroponic systems. Symbiosis - a form of the relationship of organisms, plants which both or one of the benefits from the other. There is every reason to believe that this method will increase the yield, biochemical composition and the therapeutic effect of plants.

Key words: medicinal plants , symbiosis , hydroponics , biochemical composition , the therapeutic effect .

ӘОЖ 616.921.5 (574.5)

Абуова Г.Н., Сансызбаева Ж.М., Омарова Г.Ш., Мұхтарқызы Ф.
ЮҚМФА, ҚР, Шымкент қ., tulegenov.07@mail.ru

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ТҰМАУМЕН СЫРҚАТАНУШЫЛЫҒЫ

Тұмау – бұл вирустармен шақырылатын, жоғарғы тыныс жолдарының ауруы. Тұмау өте жұқпалы, ережеге сай ауру адамнан жөтел және түшкіру арқылы таралады. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДҰ) мәліметінше, жыл сайынғы тұмау індетіне 5 %-дан 15% -ға дейін әлем халықы жоғарғы тыныс жолдарының жұқпалы ауруымен ауырады. Берілген зерттеу Оңтүстік Қазақстан облысында тұмаудың таралуы және алдын-алу мәселелерінің шешімін табу мақсатында жүргізілді.

Кілт сөздер: тұмау, алдын-алу, індет, сырқаттанушылық

Кіріспе: Тұмау – бұл вирустармен шақырылатын, жоғарғы тыныс жолдарының ауруы. Тұмау вирусы адам организміне ауа-тамшы жол арқылы түседі. Бірақ тұмаудың жұғуы күнделікті қолданыстағы заттар арқылы, сөйлесу кезінде, жөтеліп түшкіргенде ауру адам өз айналасында көптеген аэрозольді бөлшектермен (қақырық, сілекей, түкірік т.б.) «қауіпті аймақ» тудырады. Вирус ағзаға түскенде, ол тыныс алу жолдарының эпителиіне орнығады, қорғаныш қызметін бұзады, содан соң РНК вирус жасуша ядросына енеді. Осылай вирус жылдам әрі тез ағзаның басқа да жасушаларын жаулап, тез көбейеді. Тұмауды клиникалық жағдайына қарай нақты анықтау мүмкін емес. Тұмауды нақтылау үшін зертханалық әдістер керек. Тұмаудың мына белгілеріне жүгінеміз: температураның көтерілуі, бас ауруы, конъюнктивит, көз алмасының қозғалғанда ауруы, жалпы интоксикация, дене бұлшықеттерінің ауруы тамақтың құрғауы, ауыруы, жөтел. «Тұмау» диагнозы жедел әрі тез арада қойылуы тиіс. Неғұрлым тез қойылса, соғұрлым аурудың асқинуы (қатты қансырау, ішкі организмнің зақымдалуы - өкпе, орталық нерв жүйесін) алдын-алуға болады.

Тұмауды анықтаудың өте қарапайым әрі тез сараптамасы – қан сараптамасын сараптау. Тұмаумен ауырған адамның қанында лейкопения (лейкоциттердің санының азаюы), тромбоцитопения (тромбоциттердің азаюы) болады. Диагностды нақтылауға серологиялық зерттеулер (аурудың қанындағы вирустық антиденелерді анықтау) немесе вирусологиялық әдіс (арнайы лабораторияларда мұрын жұғындысындағы вирусты бөліп алу) анықтайды. Вирусологиялық әдіс өте қиын және қымбат. Серологиялық, ПТР, иммуноферментті және вирусологиялық әдістер эпидемиялық бұрқ етулерді нақтылап диагностикалауда қолданылады.


Зерттеу материалдары мен әдістері: Жұмыс материалдары ретінде Оңтүстік Қазақстан облысы «Тұтынушылардың құқұғын қорғау басқармасы», «Облыстық денсаулық сақтау департаментінің» 2010 және 2014 жылы тұмаумен сырқаттанушылықтың статистикалық мәліметтері жан-жақты зерттелді.

Нәтижелер мен талқылаулар: Алынған статистикалық мәліметтер бойынша Оңтүстік Қазақстан облысының Арыс, Бәйдібек, Қазығұрт, Мақтаарал, Ордабасы, Отырар, Сайрам, Сарыағаш, Созақ, Төле би, Түлкібас, Шардара аудандарының және Кентау, Түркістан қалалары, Шымкент қаласы, тұрғындарының тұмаумен сырқаттанушының абсолютті жағдайлары зерттелді. 2010жылдың Оңтүстік Қазақстан облысы-2040, Арыс-2451, Бәйдібек-419, Қазығұрт-402, Мақтаарал-476, Ордабасы-1135, Отырар-715, Сайрам-120, Сарыағаш-550, Созақ-266, Төле би-1033, Түлкібас-3740, Шардара-2117, Кентау-1913, Түркістан қалалары-664, Шымкент қаласы-5690 тұрғындардың тұмаумен сырқаттанушының абсолютті жағдайлары.

2011жылдың Оңтүстік Қазақстан облысы-1680, Арыс-2000, Бәйдібек-231, Қазығұрт-214, Мақтаарал-174, Ордабасы-771, Отырар-123, Сайрам-73, Сарыағаш-606, Созақ-317, Төле би-349, Түлкібас-3244, Шардара-822, Кентау-1769, Түркістан қаласы-340, Шымкент қаласы-5004 тұрғындарының тұмаумен сырқаттанушының абсолютті жағдайлары. 2012 жылдың Оңтүстік Қазақстан облысы-1112, Арыс-1792, Бәйдібек-415, Қазығұрт-674, Мақтаарал-417, Ордабасы-915, Отырар-309, Сайрам-201, Сарыағаш-213, Созақ-203, Төле би-685, Түлкібас-1369, Шардара-411, Кентау-552, Түркістан қаласы-445, Шымкент қаласы-3041 тұрғындарының тұмаумен сырқаттанушының абсолютті жағдайлары.

2013 жылдың Оңтүстік Қазақстан облысы-745, Арыс-711, Бәйдібек-110, Қазығұрт-665, Мақтаарал-142, Ордабасы-514, Отырар-240, Сайрам-173, Сарыағаш-173, Созақ-33, Төле би-463, Түлкібас-891, Шардара-258 аудандары және Кентау-276, Түркістан қаласы-394, Шымкент қаласы-2093, тұрғындарының тұмаумен сырқаттанушының абсолютті жағдайлары. 2014 жылдың Оңтүстік Қазақстан облысы-0.20, Арыс-0.00, Бәйдібек-0.00, Қазығұрт-0.00, Мақтаарал-0.00, Ордабасы-0.00, Отырар-0.00, Сайрам-1.00, Сарыағаш-0.38, Созақ-0.00, Төле би-0.00, Түлкібас-0.00, Шардара-0.00 аудандары және Кентау-0.00, Түркістан қаласы-0.00, Шымкент қаласы-0.00, тұрғындарының тұмаумен сырқаттанушының абсолютті жағдайлары. 2014 жылы басқа жылдарға қарағанда көрсеткіш өте төмен. Бұл көрсеткіштің төмен болуына алдын-алу шараларының

карқынды жүргізілуі көп мәнге ие. Салуатты өмір салтын ұстау, екпе қабылдау, жеке бас гигиенасын сақтау, жоғары иммунитет, физикалық жүктемелер, толық ұйқы, дұрыс тамақтану т.б сақтау арқылы тұмауды жұқтырып алу қауіп факторы төмендейді. Сонымен қатар жаман әдеттерден арылу олар: ішімдік ішу, темекі шегу т.б.



Диаграммада көріп тұрғанымыздай Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша тұмаумен сырқаттанушылықтың 2010-2011 жылдары Төле би, Түлкібас, Шардара аудандарында жоғары және Кентау, Түркістан, Шымкент қалаларында сырқаттанушылықтың өте жоғары болғанын байқаймыз. 2012-2013 жылдары бұл көрсеткіш айтарлықтай төмендеген. Ал 2014 жылы барлық аудандарда сырқаттанушылық өте аз болған.

Қорытынды: Қорыта келе Оңтүстік Қазақстан облысының Арыс, Бәйдібек, Қазығұрт, Мақтаарал, Ордабасы, Отырар, Сайрам, Сарыағаш, Созақ, Төле би, Түлкібас, Шардара аудандарының және Кентау, Түркістан қалалары, Шымкент қаласы, тұрғындарының тұмаумен сырқаттанушылығының абсолютті жағдайлары зерттелді. Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша тұмаумен сырқаттанушылықтың 2010-2011 жылдары Төле би, Түлкібас, Шардара аудандарында жоғары және Кентау, Түркістан, Шымкент қалаларында сырқаттанушылықтың өте жоғары болғанын байқаймыз. 2012-2013 жылдары бұл көрсеткіш айтарлықтай төмендеген. Ал 2014 жылы барлық аудандарда сырқаттанушылық өте аз болған. Бұл көрсеткіштің төмен болуы алдын-алу шараларының қарқынды жүргізілуі көп мәнге ие. Салуатты өмір салтын ұстау, екпе қабылдау, жеке бас гигиенасын сақтау, жоғары иммунитет, физикалық жүктемелер, толық ұйқы, дұрыс тамақтану т.б сақтау арқылы тұмауды жұқтырып алу қауіп факторы төмендейді. Сонымен қатар жаман әдеттерден арылу олар: ішімдік ішу, темекі шегу т.б.

ӘДЕБИЕТТЕР

Германенко И.Г., 2007- Диагностика и лечение острых респираторных инфекций у детей. Асобны, Минск, 40 с.

Зайцев А.А. Лечение острых респираторных вирусных инфекций. Лечащий врач, 2008 -№8-С.42–45.

Резюме

Абуова Г.Н., Сансызбаева Ж.М, Омарова Г.Ш., Мұхтарқызы Ф.

Ожно-Казакштанская государственная фармацевтическая академия, г.Шымкент

РАСПРОСТРАНЕННОСТЬ ГРИППА СРЕДИ НАСЕЛЕНИЯ ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

Грипп - респираторное заболевание, вызываемое вирусом. Грипп является в высокой степени заразной, как правило, болезнь распространяется людьми при кашле и чихании. По данным Всемирной организации здравоохранения (ВОЗ) ежегодных эпидемий гриппа 5% до 15% населения в мире заболевают инфекциями верхних дыхательных путей. Цель данного исследования изучить распространенность гриппа в Южно-Казакштанской области, найти приемлимые профилактические меры.

Ключевые слова: грипп, профилактика, эпидемия, заболеваемость

Summary

Abuova G.N., Sansyzbayeva Zh.M, Omarova G.Sh., Mukhtarkyzy F.

South Kazakhstan State Pharmaceutical Academy, Shymkent, Kazakhstan

INFLUENZA PREVALENCE OF DISEASES IN THE SOUTH KAZAKHSTAN REGION

Influenza- is a respiratory illness that is caused by a virus. Flu is highly contagious and is usually spread by the coughs and sneezes of a person who is infected. According to the World Health Organization (WHO), in annual influenza epidemics 5% to 15% of the world's population become ill with upper respiratory tract infections. The purpose of this study to investigate the prevalence of influenza in the South Kazakhstan region, comprehensible to find preventive measures

Key words: influenza, prevention, [epidemical](#), morbidity.

Есиркепов М.М., Ворошилова Н.В., Кунпенсов И.А., Тимошенко М.Г.

Южно-Казakhstanская государственная фармацевтическая академия, г.Шымкент, Республика Казахстан

СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ МЕТОДОВ ВЫРАЩИВАНИЯ ЛЕКАРСТВЕННЫХ РАСТЕНИЙ

РЕЗЮМЕ

В данной работе приводится сравнительный анализ методов выращивания лекарственных растений. Методы, которые подвергаются сравнению: стандартный, на открытом грунте и симбиотический, на гидропонных установках. Сравнительный анализ, проведенный на основании данных, полученных в результате литературного обзора, показал, что симбиотический метод более эффективен.

Ключевые слова: метод выращивания лекарственных растений, стандартный метод, открытый грунт, симбиотический метод, гидропоника.

Введение: Целью нашей работы является проведение сравнительного анализа методов выращивания лекарственных растений: стандартный, на открытом грунте и симбиотический, на гидропонных установках. Задачи: 1.изучить данные литературных источников; 2. изучить материал библиографических баз данных; 3. Провести сравнительный анализ полученных данных.

Материалы и методы: в качестве материалов использовались литературные источники, материалы библиографических баз данных. Методы которые мы применяли: литературный обзор, статистический анализ.

Результаты и обсуждение: Стандартный метод выращивания лекарственных растений на открытом грунте может вызвать широкий спектр негативных воздействий на окружающую среду. Перечислим лишь некоторые из негативных последствий: высокое и неэффективное использование воды, огромные потребности в земельных площадях, высокие концентрации питательных веществ и пестицидов в стоке, а также деградации почв, которые сопровождаются эрозиями. Всех этих негативных последствий можно избежать, применяя гидропонику, так как ее использование: круглогодично; требует малых посевных площадей; позволяет выращивать любые растения; экономит расходы на воду, и человеческие ресурсы; ликвидирует затраты на транспортные расходы; обеспечивает постоянно свежее сырьё; позволяет произвести посев с целевым расчётом(это нужно для получения каждый день спелого урожая ,что увеличит качество лекарственных продуктов); увеличивает урожайность в сравнение с открытым грунтом более чем в 2 раза. Помимо этого, при выращивании на гидропонике, создаются все необходимые для растений условия: температурный режим, длительность светового дня, необходимое количество влаги и питательных веществ, это способствует полной реализации биопотенциала растений, как следствие, улучшается их биохимический состав, лекарственный эффект, свойства.

Были проведены исследования по совместному выращиванию растений, которые дали положительные результаты. Исходя из этого, можно предположить, что симбиотическое выращивание благоприятно для растений. Исследования, которые были проведены Всероссийским научно-исследовательским, конструкторским и проектно-технологическим институтом органических удобрений и торфа, показали существенную роль совместного выращивания нескольких видов растений в повышении степени полезного использования растениями тепла, света, осадков, питательных веществ почвы и агротехнических приемов. Это связано с тем, что симбионты начинают влиять друг на друга, что повышает устойчивостью их к стрессовым факторам среды и более полной реализацией биопотенциала фитокомпонентов.

Следующее исследование, проведенное в горной зоне Центральной части Северного Кавказа, где было апробировано совместное выращивание многолетних широколистных трав (козлятник восточный, девясил высокий, окопник шершавый, крапива двудомная) и травянистых растений показало, что при совместном выращивании кормовых трав увеличились такие показатели как: всхожесть семян козлятника, популяция козлятника, интенсивность вегетативного размножения, урожайность сухой надземной массы, всхожесть семян девясила высокого и урожайность сырой надземной массы девясила. То же самое можно наблюдать и у остальных растений.

Изучение на легких дерново-подзолистых почвах Центрального района нечерноземной зоны (Мещерская низменность) эффективности на многовариантном уровне смешанных посевов однолетнего узколистного люпина с овсом, ячменем, кукурузой, райграсом и рапсом также дало положительные результаты. Далее приводим показатели, которые изменить в лучшую сторону и процент изменения: прирост сухого вещества укосного урожая смешанных посевов люпина с овсом к среднему суммарному урожаю компонентов составил 20 ц/га (25 %), люпина с кукурузой 29 ц/га (72 %), люпина с райграсом 36 ц/га (62 %), люпина с рапсом 29 ц/га (36 %), урожая зерна люпина с овсом 15,1 ц/га (63 %), люпина с ячменем 12,4 ц/га (55 %). Благодаря смешанным посевам люпина с овсом, ячменем, кукурузой, райграсом и рапсом повышается кормопродукционный потенциал пашни: возрастает выход кормовых единиц, валовой энергии, коэффициент энергетической эффективности и зерновой продуктивности пашни, снижаются энергозатраты и финансовые средства на получение продукции.

Выводы: Из приведенных выше результатов литературного обзора можно сделать вывод, что применение симбиотического метода выращивания растений на гидропонике более эффективен по сравнению со стандартным методом на открытом грунте. Растения, выращенные предлагаемым методом, превосходят по своему биохимическому составу, лекарственным свойствам и количеству урожая растения, выращенные стандартным методом на открытом грунте.

ТҮЙІН

Есиркепов М.М., Ворошилова Н.В., Кунпеисов И.А., Тимошенко М.Г.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік фармацевтика академиясы, Шымкент қ, Қазақстан Республикасы

ДӘРІЛІК ӨСІМДІКТЕРДІ ӨСІРУДІҢ ӘДІСТЕРІ САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

Дәрілік өсімдіктерді өсірудің әдістері салыстырмалы талдауды осы жұмыста алып келеді. Салыстыруға душар болған әдістер: стандартты симбиотикалығы, гидропон қондырғыларына және ашық топырақ. Деректер негізінде әдеби шолуды нәтиже алынған өткізілген салыстырмалы талдаудың симбиотикалық әдісі аса тиімді көрсетті.

Кілт сөздер: симбиотикалық әдісі, гидропоника дәрілік өсімдіктерді өсірудің әдісі, ашық топырақ стандартты әдіс.

RESUME

Esirkepov M., Voroshilova N., Kunpeisov I., Tymoshenko M.

South Kazakhstan State Pharmaceutical Academy, Shymkent, Kazakhstan

COMPARATIVE ANALYSIS OF METHODS GROW MEDICINAL HERBS

This paper presents a comparative analysis of methods of cultivation of medicinal plants. Methods which are subject to comparison: standard, open field and symbiotic on hydroponic systems. Comparative analysis on the basis of data obtained from the literature review showed that the symbiotic method is more efficient.

Key words: method of cultivation of medicinal plants, the standard method, the open ground, symbiotic method, hydroponics.

УДК: 616.98-08:614.4

Нұрмаханбетова А.Е.

Ғылыми жетекші: м.ғ.к. Утепов П.Д. Мұхтарқызы Ф.М

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік фармацевтика академиясы, Қазақстан Республикасы, Шымкент қаласы

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ 2011-2015 ЖЫЛДАРДА КОНГО-ҚЫРЫМ ГЕМОРАГИЯЛЫҚ ҚЫЗБАСЫМЕН АУРУЫ ЖАҒДАЙЫН ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ТҮРҒЫДА БАҒАЛАУ

ТҮЙІН

Мақалада ОҚО халықтары арасында 2011-2015 жылдарда Конго-Қырым геморагиялық қызбасы ауруы орын алуымен, оның алдын алумен байланысты жүргізілген іс-шаралардың эпидемиологиялық тұрғыда бағалауы баяндалады.

Кілт сөздер: Конго-Қырым геморагиялық қызбасы, эпидемиологиялық қадағалау, санитариялық-қорғау аумағы.


Өзектілігі: Республикамыздың Оңтүстік Қазақстан облысы Конго-Қырым геморагиялық қызбасы ауруының эпидемиологиялық қолайсыз аумағына жатады [1, 2]. Бүгінге қалыптасып отырған эпидемиологиялық ахуалды тұрақтандыруға, Конго-Қырым геморагиялық қызбасын эпидемиологиялық қадағалау және оның алдын алу жүйесін жетілдіру жобасы енгізілген, жобаға сәйкес аурудың зерттеу жүргізу хаттамасы, әр бір ауруға күдікті жағдайлардың зерделеуіне арналған сауалнама қолданылады [3].

Мақсаты: Оңтүстік Қазақстан облысы халықтары арасында Конго-Қырым геморагиялық қызбасы ауруының орын алу жағдайын зерттеу және оның алдын алу іс-шараларын жетілдіру.

Нысаны мен зерттеу әдістері: 2011-2015 жылдарда Оңтүстік Қазақстан облысы халықтарының Конго-Қырым геморагиялық қызбасымен ауруына ретроспективті талдау жүргізу.

Зерттеу нәтижелері мен талдау: 2011-2015 жылдарда халықтың Конго-Қырым геморагиялық қызбасымен ауруы 100 мың халыққа шаққанда 0,36 – 0,21 деңгейінде төмендеуі байқалады (сурет 1). Халықтың ауруы 2011 жылы 10 жағдайда орын алып 100 мың халыққа шаққандағы көрсеткіші 0,36 құраса, 2012 жылы 3 жағдайда орын алып 100 мың халыққа шаққандағы көрсеткіші 0,11 құрап 3 есеге төмендеген. Ал 2013-2014 жылдарда 8 жағдайдан орын алып 100 мың халыққа шаққандағы көрсеткіші 2013 жылы 0,18 және 2014 жылы 0,29 құрады. 2015 жылдың 10 айында ауру 6 жағдайда тіркеліп 100 мың халыққа шаққандағы көрсеткіші 0,21 құрады.

Халықтар арасында Конго-Қырым геморагиялық қызбасы ауруымен өлім- жетім жағдайы 2011 және 2012 жылдыры орын алмаса, бұл көрсеткіш зерттеудегі 2013, 2014 және 2015 жылдың 10 ай аралығында 2 жағдайда орын алуда.



Сурет 1 - Оңтүстік Қазақстан облысы халықтарының 2011-2015 жылдарда Конго-Қырым геморагиялық қызбасымен ауруына шалдығу көрсеткіші.

Жүргізілген талдау, Оңтүстік Қазақстан облысы елді мекендерінің эпидемиологиялық қолайсыз аумағында кенеге қарсы дезинфекциялық, дезинсекциялық іс-шараларды және халықтың арасында санитариялық ағарту жұмыстарын жүргізуді жетілдіруді айқындайды.

Әдебиеттер

1. Крымская гемморагическая лихорадка [Текст] / А.Е. Бейсетаева, Ш.Ж. Курманбекова, Г.С. Омарова // Вестник ЮКГФА. – 2012. – №4. – С. 16-18.
2. О лечении Конго-Крымской гемморагической лихорадки на современном этапе / Абуова Г.Н., Шшеничная Н.Ю., Нурмашева А.А. и др. // Вестник ЮКГФА. – 2013. – №2 (63). – С. 10-11.
3. Конго-Қырым қанды қызбасын эпидемиологиялық қадағалау жүйесін жетілдіру / Есенбаева А.Н., Алиев Д.С., Акимханов Б.С. Медетов Ж.Б., Абуова Г.Н. / ОҚМФА хабаршысы. – 2013. – № 4(65). – Б. 200-201.

ӘОЖ 616-006.6-084 (574.5)

А.Б.Юсупова – магистрант, **Ф.Мұхтарқызы**

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік фармацевтика академиясы, Шымкент қаласы., tulegenov.07@mail.ru

**ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ ТҮРҒЫНДАРДЫҢ ҚАТЕРЛІ ІСІКТЕРІМЕН
АУРУШАҢДЫҒЫ ЖӘНЕ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ**

Кілт сөздер: онкология, қатерлі ісіктер, аурушандық, жас-жыныс ерекшеліктер, алдын-алу.

Кіріспе: Нақты статистика Қазақстанда онкологиялық аурулардан өлім тұрғындар өлімінің барлық себептерінің ішінде екінші орын алатындығын көрсетеді. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметтері бойынша бүкіл әлемде 2020 жылға дейін қатерлі ісіктерден аурушандық және өлім 1,5-2 есеге ұлғаяды. [5]

Зерттеудің мақсаты: Оңтүстік Қазақстан облысындағы тұрғындардың қатерлі ісіктермен аурушандығы және алдын-алу іс-шараларын күшейтудің өзектілігі.

Зерттеу материалдары мен әдістері: Облыстық онкологиялық диспансердің 2013 жылғы, 2014 жылғы науқастар және қатерлі ісіктермен аурушандық туралы есебі.

Нәтижелер мен талқылаулар: Ісіктер қатерсіз және қатерлі болып екіге бөлінеді. Бұлардың бір-бірінен ең негізгі айырмашылығы, біріншісі еш уақытта көрші сау ұлпаларға, тіндерге, яғни мүшелерге тарамайды, немесе көшпейді, зақымдамайды, ал екіншісі – аталмыш үрдісті міндетті түрде орындайды, сөйтіп өмірге қауіп туғазады. [1] Қатерлі ісіктердің ерекшеліктері сол, бұл ісік өзінен өзі тоқтамай, әрі қарай прогрессия жолымен өсе береді, қатерлі ісіктің түйнегінен рақтың клеткалары бөлініп шығып, лимфа мен қан тамырлары арқылы және имплантация жолымен дене мүшелеріне, лимфа бездеріне тарайды. Қатерлі ісіктің негізгі түйнегінен бөлініп, жан-жаққа тарап шыққан, лимфа бездерінің, дене мүшелерінің ішіне түсіп өскен рак клеткаларын метастаздар деп атайды. Қатерлі ісіктің тағы бір ерекшелігі сол, бұл қатерлі ісікті хирургиялық операция жолымен, радиация сәулесімен, химиялық дәрі препараттарымен түгелдей зақымдап, түбірімен алып тастамаса, рақтың клеткасы немесе ткані өз орнында қалып қойса, онда соңынан осы қалып қойған рак клеткасынан, ісік тканінен қайтадан рак ісігі пайда болады, бұны қатерлі ісіктің рецидиві деп атайды. [2]

Қатерлі ісіктер барлық жас топтарында кездеседі. Бірінші кезекте ағзаның физиологиялық ерекшеліктері және қауіптің модифицирленген факторларына бейімділігімен анықталатын аурушандықтың және өлімнің құрылымы – әрбір жыныс және жас үшін әртүрлі.

Қалыпты ұлпалы ортада болатын ағзаның барлық клеткалары – картаю үрдісі және криздік жыныстық кезеңдерде ритмді физиологиялық өзгерістерге бейім. Адам өмірінде денсаулық үшін анағұрлым қауіпті критикалық кезеңдер 7, 14, 21, 29-30, 36, 42, 59-60, 63, 68 жаста байқалады. Ағзаның функциясының ритмді өзгерістерінің жиілігі және жасушалардағы компенсаторлы молекулалық өзгерістер, ритмді тербелістердің кейбір фазаларында жасушалардың құрылымдық бірліктері және мембраналарының канцерогендік заттардың әсеріне сезімталдығын арттырады. Ұзақтығы ағзаның жыныстық және жастық индивидуальді ерекшеліктеріне: жүйке жүйесі типіне, иммунды және эндокринді жүйенің жағдайына – және ағзаның модифицирлеуші факторларға бейімділігіне байланысты болатын канцерогенді агенттің әсер ету уақыты және ракті манифестация аралығында белгілі латентті кезең өтеді.

**ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ФАРМАЦЕВТИКА АКАДЕМИЯСЫ ХАБАРШЫ № 4(73)-2015ж.
ТЕЗИСЫ, ТОМ ІІІ**

2013 жылғы, 2014 жылғы облыстық онкологиялық диспансердің науқастар және қатерлі ісіктермен арушандық туралы есебі зерттелді. Талдау барысында 2013 жылы 55-59 жас аралығында жалпы науқастар саны-357 болса, оның ішінде ерлер-163, әйелдер-194 болған. 60-64 жас аралығында жалпы науқастар саны-391-ді құраса, оның ішінде ерлер-191, әйелдер-200-ді құраған. Ал 2014 жылы 50-54 жас аралығында жалпы науқастар саны-331, оның ішінде ерлер-115, әйелдер-216 болса, 55-59 жас аралығында жалпы науқастар-361, оның ішінде ерлер-153, әйелдер-208 болған. Ал 60-64 жас аралығында жалпы сан-384, оның ішінде ерлер-205, әйелдер-179 екендігін көрсетеді.

Кесте - Оңтүстік Қазақстан облысындағы 2013-2014 жылдардағы өмірінде бірінші рет анықталған қатерлі ісіктермен науқастарда жас-жыныс ерекшеліктеріне байланысты аурушандықтың таралуы

Жас	Жыныс	Жыл	
		2013	2014
0-4	е	24	16
	ә	14	18
5-9	е	6	13
	ә	6	8
10-14	е	9	10
	ә	5	5
15-17	е	5	8
	ә	10	4
18-19	е	7	5
	ә	1	5
20-24	е	18	19
	ә	16	15
25-29	е	17	19
	ә	28	18
30-34	е	12	22
	ә	27	35
35-39	е	34	30
	ә	71	74
40-44	е	48	44
	ә	91	101
45-49	е	55	72
	ә	141	130
50-54	е	138	115
	ә	189	216
55-59	е	163	153
	ә	194	208
60-64	е	191	205
	ә	200	179
65-69	е	140	156
	ә	138	155
70-74	е	182	135
	ә	153	153
75-79	е	98	102
	ә	93	128
80-84	е	38	24
	ә	53	39
85+	е	19	16
	ә	34	19

Онкологиядағы алдын-алу іс-шараларын жүргізу канцерогенездің болжамды этиологиялық факторларының көптүрлігінен күрделене түседі. Көптеген эпидемиологиялық және экспериментальдік зерттеулер сыртқы ортаның кейбір факторлары әсері (химиялық, физикалық және биологиялық) және

адамның өмір сүру салты арасында байланысты көрсетті. Тірі ағзаның оларға сезімтал жасушаларының қоршаған ортаның канцерогенді факторларының әсерін максималді төмендету, сондай-ақ адамға спецификалық емес әсер ету жолымен (салауатты өмір салты, дұрыс тамақтану, зиянды әдеттерден бас тарту ж. т. с. с. насихаттау) ағзаның иммунологиялық статусын тұрақтандыруға бағытталған әлеуметті-гигиеналық іс-шаралардың комплексі қатерлі ісіктердің біріншілік алдын-алу деп аталады.

Рак алды аурулармен науқастарды анықтау, келесі оларды сауықтыруға және бақылауға бағытталған медициналық іс-шаралар комплексі екіншілік алдын-алу деп аталады. Рактың ерте диагностикасы бойынша іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу екіншілік алдын-алудың компоненті болып табылады. Рактың рецидиві алдын-алу рақтың үшіншілік алдын-алу болып табылады.

Ағзаның қатерлі ісіктерден жеке бас қорғанысы құрауы керек: жеке бас гигиенасының ережелерін ұстануды; ағзаның бұзылған функцияларының кейінге шегерілуі емдік коррекциясын; дұрыс рационалді тамақтануды; зиянды әдеттерден бас тартуды; репродуктивті жүйенің функциясының оптимизациясын; активті салауатты өмір салтын ұстануды; адамның биік өзінің есін – ағзаға канцерогенді әсері бар факторларды нақты білу және сақтану шараларын, ісіктердің ағымының ерекшеліктерін, сатылығын және емінің нәтижелілігі оларды уақытылы анықтауға байланыстылығын білу; [3]

Қорытынды: Тұрғындардың әртүрлі топтарының қатерлі ісіктермен аурушандығын және олардан өлімнің сандық көрсеткіштерін зерттеу және талдау, денсаулық сақтау жүйесінің басқару органдарына раққа қарсы күрестің бағдарламаларын дайындауға және күшейтуге мүмкіндік береді. [4]

Қатерлі ісікпен күрестің негізгі әдістері – ауруың алдын-алу, салауатты өмір салтын ұстану және науқасты неғұрлым ерте анықтау. Ең бастысы, адамның өз денсаулығына деген жауапкершілі маңызды. Зиянды әдеттерден бойын аулақ ұстап, дұрыс тамақтанған адамдар жаман аурудан сақтана алады. [6]

РЕЗЮМЕ

А. Б. Юсупова – магистрант, Ф. Мұхтарқызы.

Южно-Казакстанская государственная фармацевтическая академия., tulegenov.07@mail.ru

Кожабек Г.Б – студентка 2-го курса Карагандинского государственного медицинского университета, г. Караганда, Республика Казахстан. gulinka_96@mail.ru Научный руководитель- **Ахметова С.Б** – заведующий кафедры микробиологии Карагандинского государственного медицинского университета, г.Караганда, Республика Казахстан.

ИЗУЧЕНИЕ МИКРОФЛОРЫ ВЛАГАЛИЩА У БЕРЕМЕННЫХ ЖЕНЩИН С ОЦЕНКОЙ АНТИБИОТИКОГРАММА ПРИ ПРИЗНАКАХ ДИСБИОЗА

С микробиологической позиции остается достаточно неизученным вопрос, в какой мере условно-патогенные микроорганизмы можно рассматривать как компонент нормальной микрофлоры влагалища и при каких условиях условно-патогенные микроорганизмы выступают уже как возбудители воспалительного процесса.

Ключевые слова: микрофлора, биоценоз влагалища, патогенные микроорганизмы.

УДК 612.393.1:613.81-056.7

Нургожа А.Н. – 3 курс, «Жалпы медицина» факультеті, С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университеті, Алматы қаласы, ҚР, aidana.rmc@mail.ru. **Жумакова Т.А.** – доцент, «Қалыпты физиология» кафедрасы

ҚАЗІРГІ ЗАМАН ЖАСТАРЫНЫҢ ІШІМДІККЕ СУБЪЕКТИВТІ КӨЗҚАРАСЫ

АННОТАЦИЯ

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы бүкіл жер шарында спирт ішімдіктерін тұтыну деңгейін айқындау үшін 188 елде арнайы мониторинг жүргізеді. Соның нәтижесіне сүйенсек, 2011 жылғы рейтингте Қазақстан 34 орында тұр. Бұл - еліміздің әрбір азаматы жылына 11 литрге жуық таза этил спирті немесе жарты литрлік арақтың 50 бөтелкесін тұтынады деген сөз. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы жан басына шаққанда 8 литрден көп алкоголь өнімін тұтынатын елдердің ұлттық генофонды деградацияға ұшырайды деген ақпарат таратқан.

Кілт сөздер: ішімдік, жастар, көзқарас, субъективті көзқарас

Салауатты өмір салтын құру ұлттық орталығының мәліметі бойынша адам басына шаққанда жылына 10-12 литр спирт ішеді екенбіз. Ал БҰҰның мәліметі бойынша тұтыну 8 литр спирттен асса халықтың жойылуға бет бұратындығын ескерткен. Арақ ішу жөнінен Қазақстан бесінші орынға шықты. Мұндай қорытындыны әлемдік нарықты зерттеген ұлыбританиялық *IWSR* (халықаралық шарап пен спирттік ішімдіктер нарығын зерттеу ұйымы) ұйымы жариялады.

Осы және өзге де статистикалық мәліметтер, бұл тақырыптың өзектілігін ашып көрсетуде. Және бұл мәселенің бастауы – жастар арасында белең алуы бүгінгі қоғамды мазалайтын тақырыптардың бірі екенін көрсетеді.

Зерттеу жұмысының мақсаты:

Қазіргі заман жастарының ішімдікті қолдануға деген көзқарасының деңгейін анықтап, бағалау.

Зерттеу жұмысының міндеттері:

1. Ішімдікті қолданудағы эмоциональды тәуелділікті анықтау;
2. Жастардың алкогольді ішімдіктерді, сусындарды қолданудағы әлеуметтік жағдайының әсерін бағалау;
3. Рухани күйзеліс кезінде және материалдық жағдайының төмендеуімен байланысты ішімдікті қолданудың үрдісін қарастыру;
4. Ішімдікті қолдану мен адамның рухани құндылықтарының арасындағы байланысты анықтау.

Зерттеу нысаны (объектісі):

1. С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық Медицина Университеті студенттері (18-24 жас аралығы)

2. Ғаламтор желісі бойынша қамтылған жалпы жастар

Зерттеу әдісі: анонимді – анкеталық сұрақ-жауап.

Зерттеуге қатысушылар саны: 72 (соның ішінде 37 қолма-қол, 35 интернет желісі арқылы)

Әлеуметтік ақпараттың өңделу әдісі: Алынған ақпарат компьютер көмегімен өңделді.

Сауалнаманың алғашқы сұрақ-жауап бөлімі жалпы шолу көрсеткіштеріне жататындықтан басты назар келесі бөлімдерде жүргізілді. (зерттеу барысы)

✓ Ең алғаш қай кезде ішімдіктің (алкогольді сусындардың) дәмін татып көрдіңіз?

а) мектепке дейін 3% б) 11-сыныпқа дейін 33% в) орта мектеп бітіргеннен соң 41%-

в) жоғарғы оқу орнына түскеннен соң 10%, г) ешқашан – 13% - жауаптар қорытындысы бойынша, көпшілік жастар 11 сыныпқа дейін және орта мектепті бітіргеннен соң ең алғаш алкоголь тектес сусындарды ішіп көрген. Бұл алкогольді ішімдіктерді ерте жастан пайдалану фактін көрсетеді.

✓ Келесі сұрақта ситуациялық жағдай ұсынылды: Сіз өзіңізге құрметті, сыйлы адамды мас күйінде жолықтырдыңыз. Сіздің реакцияңыз: а)ол туралы пікірді өзгертіп, өтіп кете беремін -11% б)көңілім қатты қалатын еді-22% в)«Әр адамның басынан өтеді» деген пікірдемін-49% г)ондай жағдайды елестете алмаймын-18%. Бұл жағдайда жастардың пікірінше, ол сыйлы құрметтейтін адам болғандықтан, «әркімнің басынан өтетін жағдай» деп қарастырады екен. Яғни оларда мас күйінде көрген адам туралы теріс пікір қалыптаспайды

✓ Ішімдікті, алкогольді сусындарды – жамандық деп есептейсіз бе?

а) иә – 100% б) жоқ – 0 - өте қызық қорытынды, жастардың барлығы дерлік ішімдікті жамандық деп санайды, бірақ мас күйінде көрген адамға теріс пікірі қалыптаспайды.

✓ Ішімдік міндетті түрде болатын жерлерге баруға қорқасыз ба?

а)иә-37% б)жоқ-45% в)білмеймін-18% - Бұл жауаптың қорытындысын байқағанымызда, жастардың ішімдігі (алкогольді сусыны) бар ортаны қауіпті деп есептемейтінінде..

✓ Қандай мақсатпен ішімдікті (алкогольді сусындарды) пайдаланасыз?

а) Достарыммен көңіл көтеру үшін-33% б)Эмоциональдық және физикалық күйзелістен арылу үшін- 11 % в) Әр кезде әрқалай 43% г) Өз жауабыңыз-13%. Жоғарыдағы көрсеткіштерден түйетініміз: алда онсыз да қоғамдық дертке айналып бара жатқан ішімдікке салынушылық, алкогольді сусындарды пайдалану - жастардың санасында әдетке айналып кетеді ме деген қорқыныш ұялатады.

✓ Бұл жүргізілген барлық сауалнамалардан кейін, мынадай заңды сауал туады: «Медициналық жоғарғы оқу орнында оқитын студенттерде бұл деңгей қаншалықты, яғни оның ішімдікті пайдаланбауына медицина саласында оқитындығы әсер етеді ме?»

Бірақ өкінішке орай, алынған сауалнамаларды салыстырмалы түрде зерттей келе 78% өкінішке орай жоқ жауап берді. Бұл жастардың жалпы тенденциясы, олардың медицина саласында оқу - оқымауына байланысты емес екендігінің көрсеткіші.

Қорытынды: Зерттеу жұмысы мақсатын орындады, яғни қазіргі заман жастарының ішімдікті қолдануға деген көзқарасының деңгейін анықтауға мүмкіндік болды.

Рухани күйзеліс кезінде және материалдық жағдайының төмендеуімен байланысты ішімдікті қолданудың үрдісін қарастырғанымызда, расында да кейде ішімдікті рухани күйзелістен арылтушы ретінде қабылдайтынын көре алдық. Әлеуметтік жағдайға қарамастан, достармен көңіл көтеруде, қандай да бір күйзелістен арылу үшін ішімдікті (алкогольді сусындарды) пайдалантынын пайымдауға болады.

Барлық жастар қоғамы ішімдік пен алкогольді сусындарды жамандық деп танығанымен, мастыққан қоғам алдарына келгенде, олардың басым көпшілігінің іс-әрекеті бейтарап күйінде қалатынын және ол үшін қорқыныш сезімі аса туындамайтынын бағаладық. Қоғамның 100% салауаттылығын нарықта ішімдікті және ішімдік тектес сусындарға қолжетімділік өршіп тұрған кезеңде шындыққа балай алмайды екенбіз.

Ұсыныс: Ішімдіктің жастар арасында етек алуының басты себебі - қол жетімділікте. Сондықтан 2018 жылдан бастап арнайы «Карточкалы жүйе» бағдарламасын жүзеге асыруды ұсынамын. Арнайы ішімдікті пайдалануға құқық берілетін карточка тек қана 21 жасқа толған азаматтар мен азаматшаларға беріледі, сондай-ақ карточка Сізге тек бір жылдық лимит бойынша, яғни жыл ішінде тек қана 8литрге дейін ішімдік сатып алуға құқық береді. Бұл карточкалы жүйе жергілікті ЦОНдарда беріліп, сол жерде тіркеледі. Бастапқы бағдарлама жоспары осындай.

«Табиғат ресурстары азайып, халық көбейіп, жер тарылып жатқан заманда, Қазақтың байлыққа толы ұлан байтақ жерін соғыссыз жаулап алуға бел буып отырған сыртқы күштерге, алкоголизмге қазір күреспесек ертең тым кеш болары анық. Себебі ертең күресті кеш бастар болсақ, саны көбейген алкогольге тәуелді азаматтарымыз бізге бой бермей кетері анық» - деген сөздер көңілде ой түйдіріп, шешім қабылдауға негіз болары хақ.

Дені сау, білімді және бәсекеге қабілетті ұлт қана туындайтын ауқымды міндеттерді шешуге қабілетті. Сондықтан біз қалыптасқан жағдайды нақты бағалап, еліміздегі алкоголь проблемаларын ауыздықтау үшін барлығымыз атсалысуымыз қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Айқын» республикалық қоғамдық – саяси газетінің мақалалары (2012-2014жж.)
2. Бабаян Э. А., Пятое М. Д. Профилактика алкоголизма.— М.: Медицина, 1981.-63 с.
3. Баншиков В. М., Короленко Ц. П. Проблема алкоголизма (медицинский и психологический анализ).
4. Өмешұлы Ә. Салауатты өмір – денсаулық кепілі, Алматы, 1999
5. Каменков К. А. Алкоголизм как социально-гигиеническая проблема.— В кн.: Проблемы социальной гигиены / Под ред. Е. Я. Белицкой. Л.: Медицина, 1970, с. 366—388.

РЕЗЮМЕ

Нургожа А.Н.- студентка 3-го курса Казахского национального медицинского университета им.С.Д.Асфендиярова, г.Алматы aidana.rmc@mail.ru. Научный руководитель: доцент **Т.А.Жумакова** Казахского национального медицинского университета им.С.Д.Асфендиярова, г.Алматы

СУБЪЕКТИВНОЕ ОТНОШЕНИЕ К АЛКОГОЛЮ СОВРЕМЕННОЙ МОЛОДЕЖИ

ВОЗ провел специальный мониторинг в 188 странах для определения объем употребления спиртных напитков во всем мире. Согласно статистике 2011 года Казахстан занимает 34 место в рейтинге. Это обозначает, что каждый житель в год употребляет 11 литров чистого этилового спирта или же 50 бутылок по 0,5 литров водки. По информации ВОЗ, если каждый житель употребляет больше 8 литров алкоголя, то генофонду этой нации грозит деградация.

Ключевые слова: спиртные напитков, молодежь, субъективный взгляд

RESUME

Nurgozha A.N.— The student of 3rd course of Kazakh National Medical University named after S.D. Asfendiyarov, Almaty, Republic of Kazakhstan, aidana.rmc@mail.ru. Scientific director - Zhumakova T.A., MD, PhD Head of Department of Kazakh National Medical University named after S.D. Asfendiyarov, Almaty, Republic of Kazakhstan

SUBJECTIVE ATTITUDE TO ALCOHOL OF TODAY'S YOUTH

WHO special monitoring in 188 countries for definition carried out the volume of the use of alcoholic drinks around the world. According to the statistics of 2011 Kazakhstan takes the 34th place in a rating. It designates that each inhabitant in a year uses 11 liters of pure ethyl alcohol or 50 bottles on 0,5 liters of vodka. According to information of WHO if each inhabitant uses more than 8 liters of alcohol, the gene pool of this nation is threatened by degradation.

Key words: the alcoholic drinks, youth, subjective view

Төлеуова Б.Д., Мергенбаева Ж.Қ., Сары С.С., Бейбітбай А.М. – С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ
Ұлттық медицина университетінің 4 курс студенттері, Алматы қ., Қазақстан Республикасы,

toleuova.b@gmail.com zhanat.mergenbaeva@gmail.com

Ғылыми жетекші – Абдужабарова Ш.А., м.ғ.к., Алматы қ, Қазақстан Республикасы, shahlo26.04@mail.ru

АУЫР ДӘРЕЖЕЛІ ПРЕЭКЛАМПСИЯ – АКУШЕРЛІК САЛАДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ

АННОТАЦИЯ

Қазіргі таңда ауыр дәрежелі преэклампсия ана мен бала өлімінің негізгі себепкері ретінде алдыңғы орынға шығып отыр. ДДСҰ-ның мәліметі бойынша аздаған жылдың ішінде преэклампсияның кездесу жиілігі 1,3%-дан 6,7%-ға жиілеп қоғам назарын өзіне аудартуда. Сол себепті ауыр дәрежелі преэклампсияның негізгі себептері, осы диагнозбен қатарласа жүретін негізгі аурулар мен олардың жалпы асқынулары, жыл санап қандай жағдайлар ауыр дәрежелі преэклампсияның дамуына әкелетінін білу практикалық жағынан өте маңызды болып табылады. Дер кезінде ауыр дәрежелі преэклампсияға ем көрсетілмеген жағдайда эклампсия мен HELP синдромының дамып асқынуына, ол өз кезегінде жүкті ана организмінің жалпы және жергілікті асқынуын шақырып ана өліміне және плацентаның жатыр қабырғасынан ерте сылынып түсіп бала өліміне, сондай-ақ келесі жүктіліктің сәтсіз өтуі мен перинатальдық патологияның дамуына соқтыртады.

Кілт сөздер: преэклампсия, HELP синдромы, пиелонефрит, анемия.

Зерттеудің мақсаты: қандай негізгі себепкер ықпалдар ауыр дәрежелі преэклампсияның жылдан жылға өсіп дамуына әкелетіндігін оқу және ретроспективтік анализ жасау.

Зерттеу тәсілдері мен мәліметтер: жалпы зерттеу Алматы облысы, Қарасай аудандық облыстық ауруханасының перзентхана бөлімшесінде соңғы үш жыл ішінде (2013, 2014, 2015 жылдар) тіркелген жүкті әйелдердің сырқатнамасына ретроспективтік анализ жасау.

Алынған мәліметтер: 3 жылдың қорытындысы бойынша: Қарасай аудандық Орталық ауруханасының перзентхана бөлімшесіне ауыр дәрежелі преэклампсиямен түскен жүкті әйелдер саны барлық босанушы әйелдердің 4,8% қамтып отыр; Оның ішінде анемиямен 37% науқас тіркелген, 41% науқас ұрық дамуының кідіруімен босанды; Барлық босанушы әйелдердің 34%-да сәбиі өлі туылған; Науқастардың 50% -да босану уақыты қалыпты, бірақ дамуы тежелген сәбилер дүниеге келген; Ауыр дәрежелі преэклампсиямен қайталамалы жүкті болған әйелдер алғашқы жүкті әйелдермен салыстырғанда 60% жағдайда жиі шалдығады; Жалпы науқастардың ішінде 52% кесарь тілігінің көмегімен босаған.

Қорытынды: Соңғы 3 жылдың қорытындысы бойынша бір ғана Қарасай аудандық Орталық ауруханасының перзентхана бөлімшесінде ауыр дәрежелі преэклампсия 2,3%-дан 7,4%-ға артып ана мен бала өлімінің негізгі себепкері болып тіркелген. Осы аурумен қатарласа жүретін негізгі аурулар қатарына ана денсаулығы жағынан анемия мен пиелонефрит, сәби денсаулығы жағынан ұрықтың өсуінің кешеуілдеуі болатындығы анықталды.

РЕЗЮМЕ

Төлеуова Б.Д., Мергенбаева Ж.Қ., Сары С.С., Бейбітбай А.М. – студенттері 4 курса КазНМУ им.

С.Ж.Асфендияров. г. Алматы. toleuova.b@gmail.com zhanat.mergenbaeva@gmail.com

Научный руководитель – к.м.н., Абдужабарова Ш.А., г. Алматы. shahlo26.04@mail.ru

ПРЕЭКЛАМПСИЯ ТЯЖЕЛОЙ СТЕПЕНИ – АКТУАЛЬНАЯ ПРОБЛЕМА В СФЕРЕ АКУШЕРИИ

В данное время преэклампсия тяжелой степени является основной причиной смертности матери и ребенка. По данным ВОЗ, за короткое время частота встречаемости преэклампсии выросло с 1,3% до 6,7%. Поэтому, со стороны практики, важно знать основные принципы тяжелой преэклампсии и его сопутствующие заболевания. Несвоевременное лечение преэклампсии тяжелой степени может привести к осложнениям в организме беременной женщины, к смерти ребенка, к тяжелым протеканиям беременности.

Ключевые слова: преэклампсия, синдром HELP-а, пиелонефрит, анемия

SUMMARY

Toleuova B. D., Mergenbayev Zh. K., Sara S.S., A.M. Beybitbay – students 4 courses of KAZNMU of S. Zh. Asfendiyarov. Almaty. toleuova.b@gmail.com zhanat.mergenbaeva@gmail.com

The research supervisor – Candidates of Medical Science., **Abduzhabarova Sh. A.**, Almaty.
shahlo26.04@mail.ru shahlo26.04@mail.ru

PREEKLAMPSIYA OF HEAVY DEGREE – THE ACTUAL PROBLEM IN THE SPHERE AKUSHERY

At present the preeklampsia of heavy degree is the leading cause of death of mother and child. According to WHO data, for a short time the frequency of occurrence of a preeklampsia grew from 1,3% to 6,7%. Therefore, from practice, it is important to know the basic principles of a heavy preeklampsia and its associated diseases. Untimely treatment of a preeklampsia of heavy degree can lead to complications in an organism of the pregnant woman, to death of the child, to heavy courses of pregnancy.

Key words: preeklampsia, syndrome HELP-and, pyelonephritis, anemia

УДК 615.356-053.6(574.22)

Набиева А.Н. - магистрант 2 года обучения факультет МПД, **Досжанова Г.Н** - phd докторант 2 года обучения факультет ЖМ Руководитель темы: профессор кафедры профилактической медицины и питания
Абдулдаева А.А.

АО «Медицинский университет Астана» г.Астана, Республика Казахстан

ОЦЕНКА СОСТОЯНИЯ ЗДОРОВЬЯ СТУДЕНТОВ АО «МУА»

АННОТАЦИЯ

Студенты, несмотря на нехватку времени, на перемену места жительства должны питаться правильно, рационально, регулярно и дробно. Должны контролировать правильное поступление в организм углеводов, белков, жиров, витаминов и минералов. Надо питаться дробно 4-5 раза в день, чтобы интервал приема пищи не превышал 3-4 часов. Но не должны превышать суточную потребность. Надо учитывать времена года, движение, то есть растрату калорий и т.д.

Ключевые слова: студенты, здоровье, правильное питание,

Общеизвестно, что правильное питание человека тесно влияет на его здоровье и психоэмоциональное состояние. 80% неблагоприятных факторов окружающей среды оказывают влияние на человека через питание. Нарушения в питании приводят к отрицательным последствиям многих заболеваний и становятся причиной 60% смертности. Отсюда следует, что здоровье человека определяется его пищевым статусом и может быть достигнуто и сохранено только при условии полного удовлетворения физических потребностей в энергии и пищевых веществах.

Таблица 1- Средние значения антропометрических данных студентов

Показатели	Респонденты (студенты)		
	Группа №1 и №2 n=72	Группа №1 n=40	Группа №2 n=32
Возраст	18,8±0,32	16,55±0,09,	21,63±0,21,
Масса тела	57,96±1 кг	58,34±1,22,	57,25±1,7,
Рост	166,07±0,95м	166,65±1,31,	165,35±1,38,
АД	109/73мм рт.ст.: систолическое 109±1,25, диастолическое 73±1,09	114/78мм рт.ст.: систолическое 114±1,43, диастолическое 78±1,23.	104/67мм рт.ст.: систолическое 104±1,73, диастолическое 67±1,27
ЧСС	75,09±0,9 ударов в минуту	78,43±1,09 ударов в минуту	70,93±1,14 ударов в минуту

Проведено исследование среди студентов младших с I по III курсы и старших IV по VI курсы, количество которых составило 72 человека. Из них 76,4% девушки, 23,6% юноши. Для оценки состояния здоровья было использованы – возраст, параметры физического развития - вес, рост и физиологические показатели - АД (систолическое и диастолическое), ЧСС. Еще одним характером учебной нагрузки, режим питания, учебы, быта и времени года.

В данном исследовании включено всего 176 студентов, которые поделены были на две группы - группа №1 (с I по III курсы), группа №2 (с IV по VI курсы), в зависимости от фактической учебной нагрузки. Сбор данных по фактическому питанию проводился по сезонам: осень, зима, весна, лето.

Полученные результаты и их обсуждение:

Таблица 2- Макронутриентный состав среднесуточного рациона питания студентов группы №1 (с I по III курсы) и №2 (с IV по VI курсы) по сезонам

Рекомендуемые нормы *	Наименование нутриента	Фактическое потребление							
		Осень		Зима		Весна		Лето	
10-15% (~12%)	Белки	№1	№2	№1	№2	№1	№2	№1	№2
		12,80	12,90	13,90	14,4	13,9	13,1	11,3	11,61
Не выше 30%	Жиры	33,56	32,59	34,33	37,42	36,88	31,77	31,80	31,13
55-65% (~58%)	Углев.	52,81	53,58	51,23	47,39	49,16	53,98	54,80	55,61
25-35 г	Пищевые волокна	7,092	8,328	7,947	7,973	6,702	8,809	5,507	6,652
2200-2500 ккал	Энергия Ккал.	2042	2246	1936	2407	2321	2445	1637	2311

Выяснилось (Таблица №1) что состояния здоровья студентов ближе к нормативным показателям наблюдается определенная зависимость его от учебной нагрузки, курса обучения и уровень физического состояния здоровья студентов младших курсов ниже, чем у студентов старших курсов. Установлено (Таблица №2) определенная зависимость пищевого статуса студентов от времени года. Несбалансированность рационов питания в исследуемых группах наиболее выражена в осенний период (начало учебного года) и в летний период (конец учебного года); обеспеченность рационов питания студентов необходимыми питательными веществами на младших курсах ниже, чем на старших.

Выводы: Нужно отметить что студенты младших курсов, меняют место жительства, возможно и климат, рядом нет родителей, готовой домашней пищи. Начинается самостоятельная, взрослая жизни, появляются новые моральные и материальные трудности, и нагрузки в ВУЗе. Что и приводит к результатом индекса физического состояния (ИФС) у студентов младших курсов (с I по III) ниже (0,560±0,02 у юношей, 0,640±0,01 у девушек), чем у студентов старших курсов (с IV по VI) (0,680±0,03 у юношей, 0,770±0,02 у девушек).

Энергетическая ценность рационов питания у студентов группы №1 ниже (1984 ккал) и не соответствует нормативным показателям (2200-2500 ккал) (от 69,65% летом до 98,76% весной). Тогда как у студентов старших курсов энергозатраты намного выше, чем энергетическая ценность их рациона, что видимо связано с учебной нагрузкой в исследуемых группах (в группе №1 недельная нагрузка составляла до 40 часов, то в группе №2 до 36 часов в неделю).

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. «Гигиена» под редакцией Ю. П. Пивоварова; в двух томах. М: издательский центр «Академия», 2013.

ТҮЙІН

Ғылыми жетекші – м.ғ.к, профессор **Абдулдаева А.А.**. Профилактикалық медицина және тағамтану кафедрасы, Қ.Р, Астана **Набиева А.Н.** - 2курс магистранты, МПІ факультеті. **Досжанова Г.Н.**, - 2курс phd докторанты ЖМ факультеті.

«АМУ»АҚ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ДЕНСАУЛЫҚ ЖАҒДАЙЫН БАҒАЛАУ

Студенттер ортасының ауыстырғанына, уақытының тығыздығына қарамастан дұрыс, үйлесімді, ұтымды, құнарлы тамақтануы керек. Қажетті мөлшерде көмірсу, ақуыз, май, дәрумендер мен минералдар түсіп тұруын қадағалауы тиіс. Әр тамақтанудың арасын 3-4 сағаттан асырмай күніне 4-5 рет бөлшектеп тамақтанған жөн. Бірақта жыл мезгіліне, тұрған аймағына, іс қимылына яғни калория жұмсауына байланысты тамақтануы тиіс. Өйткені артық тамақтану да адам денсаулығына зиян.

Кілтті сөздер: студенттер, денсаулық, дұрыс тамақтану.

SUMMARY

Nabieva A.N.- Post graduate in the 2nd year, JSC faculty, **Doszhanova G.N.**- phd doctors in the 2nd year.
Abduldaeva A.A. - Department of preventive medicine and nutrition, Astana, Republic of Kazakhstan

ESTIMATION OF DIET INFLUENCE ON THE PEOPLE'S CONDITION OF REPRODUCTIVE YERS

Assessment of students' health state. Despite the lack of time and the change of residence students must eat properly, efficiently, regularly and fractional. They should control proper intake of proteins, fats, carbohydrates, vitamins and minerals. On needs to eat fractional 4-5 times a day in a way that the interval between meals does not exceed 3-4 hours. However, one should not exceed the daily requirement. The seanson, the mobility, the waste of calories, etc. should be taken in account too.

Key words: students, health, healthy nutrition.

ӘӨЖ 613.2 (075)

Молайханов Шохмурод Анарханович – С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық Медицина Университетінің 3 курс студенті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы, molaykhanov96@mail.ru. Ғылыми жетекшілері: **Алипбекова Айгуль Сураповна**, С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық Медицина Университетінің қалыпты физиология модулінің аға оқытушысы, Алматы қ., Қазақстан Республикасы, alipbek_aigul@mail.ru. **Хасенова Кадиша Хамзеновна** – С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық Медицина Университетінің қалыпты физиология кафедрасының доценті, м.ғ.к, Алматы қ., Қазақстан Республикасы, Khasenovakx@mail.ru

СТУДЕНТТЕР АРАСЫНДАҒЫ ЙОД ТАПШЫЛЫҒЫ МӘСЕЛелЕРІН АНЫҚТАУ

АННОТАЦИЯ

Жалпы адамға бүкіл өмірінде бар болғаны 4,5 – 5 грамм йод қажет екен. Бірақ күнделікті азық-түлікте йод мүлдем болмаса баланың бойы өспей, алқым без ауруы өршіп, меңіреулік сияқты дерттердің пайда болуына әкеліп соғады. Йод аса ауыр жұмыс жағдайындағы адамдарға, екіқабат әйелдерге өте қажет элемент. Йод тапшылығының кесірінен екіқабат әйелдердің түсік тастауы немесе баланы өлі тууы сияқты жағдайлар жиі орын алады. Ана құрсағындағы сәбиге йодтың қажетті мөлшері түспеген жағдайда ақыл-есі кем болып туылатынын зерттеулер дәлелдеген. Екіқабат әйелдердің ағзасына күніне йод 180-250 мкг мөлшерде қабылдануы керек.

Кілт сөздер: Йод тапшылығы, қалқанша безі, тиреоидты гормондар, тұзды йодтау жөніндегі ұлттық бағдарламалардың жүзеге асуы.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының зерттеуі бойынша йод тапшылығы — ақыл-ой кемістігіне себеп болатын басты себептердің бірі. Қазақстан халқының төрттен бір бөлігі 15 жасқа дейінгі балалар болса, елімізде жылына 350 000 сәби дүние есігін ашады екен. Бірақ ірі қалалар болмаса, шалғай ауылдардағы әр отбасының балалары күн сайын дәруменге бай тағамдарды тұтынады деуге болмас. Әсіресе, экологиялық ахуалы нашар өңірлердегі сәбилердің денсаулығы арнайы көңіл бөлуді қажет ететіні белгілі. Баланың бес жасқа дейінгі тамақтану нормасы өз деңгейінде болмаса, бойының өсуі мен ақыл-ойының жетілуі кешеуілдеп, денсаулығында ақаулықтар пайда болады. Бір ғана йодтың жетіспеуінің өзі баланың интеллектуалды тұрғыдан дамуын шектейді. ЮНИСЕФ мамандарының зерттеуі бойынша йод тапшылығы сезілген аймақтарды мекендейтін балалардың интеллектуалдық деңгейі басқа өңірдің жеткіншектерімен салыстырғанда көп есеге кем көрінеді. Ғалымдардың айтуынша, йод тапшылығы айқын байқалған өңірлердегі тұрғындардың 1-10 пайызы кретинизм (меңіреулік) ауруына шалдықса, 5-30 пайызында психикалық аурулар білінеді. Бұндай ауруы бар балалардың оқуы нашар, тіпті ойлау қабілеті кем болуы мүмкін. Көп жағдайда ортаға бейімделе алмайды. Йод жетіспеушілігі анық байқалған аймақтар тұрғындарының 30-70 пайызы ақыл-есі кем болады екен. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша, жер бетіндегі тұрғындардың 1,5 миллиарды йод тапшылығын көруде. 650 миллион адам эндемикалық зоб дертінен зардап шегіп отыр.

Мақсаты:

1. Йодтың адам ағзасына көрсететін әсерлерін талдау 2. Студенттерге йодтың маңыздылығы және организмдегі қызметі туралы анықтама беру. 3. Йодқа бай тағам көздерін ұсыну.

Йод - адамның қалыпты өсуі мен дамуы үшін қажетті микроэлемент. Ағзаның қалыпты дамуын

колдау үшін йодтың азғантай ғана мөлшері қажет: бар болғаны 100 – 150 мкг. Йод органикалық және органикалық емес қосылыстар күйінде ауамен, тағаммен, сумен бірге ішек-қарын жолдарына түсіп, қанға, жасушалар мен тіндерге және йод минералынсыз қызмет ете алмайтын мүше – қалқанша безінің жасушаларына жеткізіледі. Пішіні көбелекке немесе қалқанға ұқсас қалқанша безі мойынның алдыңғы жағында орналасқан, «қанатшалары» көмейді алқымдайды. Қалқанша безінің қызметіне жүрек соғысының жиілігі, дене температурасы, тағам өнімдерін «жағу» жылдамдығы тәуелді, ал бездің өзінің қызмет етуі ағзаға түсетін йодтың көлеміне байланысты.[1]

Ағзада шоғырланған йодтың 80%-ы (15-20 мг) қалқанша безінде болады. Йод осы маңызды мүшенің гормондарының түзілуі үшін қажет. Мұнда әрекет ететін бастауышы йод болатын тироксин және трийодтирионин гормондары түзіледі. Йодты гормондардың қызметі әртүрлі. Қарапайым мысал: қалқанша безінде гормондар болмаған жағдайда бақашабак бақаға айнала алмайды. Бұл - гормондардың жануарлар әлеміндегі маңызы зор екенін көрсетеді. Йод диетаны сақтауды жеңілдетеді, артық майларды ыдыратып отырады, бойдың дұрыс өсуіне септігін тигізеді, қосымша энергия көзі рөлін де атқарады, шаш, тырнақ, тері және тістің саулығын қамтамасыз етеді.

Адамның йодқа күндік қажеттілігі $1,5 \cdot 10^{-4}$ - $3,0 \cdot 10^{-4}$ г құрайды және су мен жұмыртқа, балық, жемістер сынды құрамында йод болатын өнімдермен толығып отырады. Балалар мен жүкті балалар үшін бұл шама жоғары.

Адамдарға ұсынылатын йод тұтыну деңгейі

Топ	Жасы	Йод, мкг/күн
Балалар	0-59 ай	90
	6-12 жас	120
Жасөспірімдер мен ересектер	13+ жас	150
Жүкті әйелдер		200
Бала емізетін әйелдер		200


- ▶ йод нәрестелік ұрықтың өнуі, дамуы үшін ықпал етеді;
- ▶ сары дененің қызметін ынталандырып, жүктіліктің алғашқы кезеңін қорғайды;
- ▶ иммундық жүйенің қалыптасуына ықпал етеді;
- ▶ эмбриогенез үрдістерін реттейді;
- ▶ мидың құрсақшілік дамуын қамтамасыз етеді;
- ▶ анаболикалық әсері бар, сондықтан тіндердің өсуі мен бөлінуін бақылайды;
- ▶ ағзадағы барлық алмасу үрдістерің реттеуге қатысады.

Тағам өнімдеріндегі йодтың мөлшері мен оны тағам арқылы тұтыну: Көкөністер: қызылша, салат, шпинат, қызанақ, сәбіз, картоп, орамжапырақ, пияз, бұршақ, сарымсақ (30 мкг/кг); Жеміс – жидектер, жаңғақтар: құрма, алма, жүзім, шие, қарақат, шабдалы, фейхоа, грек жаңғағы (30 мкг/кг); Сүт өнімдері: ірімшік, сүзбе, сүт (50 мкг/кг). **Зерттеу материалдары мен әдістері:** 1. Анкеталық сұрақтар арқылы йодтың төмендеуіне әкелетін жағдайларды анықтау. 2. Студенттердің тағам рационын талдау. **Диагностикалау:** Йодтың жетіспеушілігін анықтаудың ең жиі кездесетін түрі-қалқанша бездің өлшемдерінің ұлғаюы(зоб), ол көзге көрініп, саусақпен басқанда білінеді. Қалқанша бездің өлшемдерін нақты анықтау үшін ультрадыбыстық зерттеу жүргізіледі. Қалқанша бездің көлемі келесі формуламен анықталады: $K_{\text{өл}} = [(Q_1 \times E_1 \times Y_1) + (Q_2 \times E_2 \times Y_2)] \times 0,479$

Мұнда: Q – қалыңдығы, E – ені, Y- қалқанша бездің әр бөлігінің ұзындығы. Қалқанша бездің барлық көлемі оның бөліктерінің көлемдерінің қосындысынан тұрады. Әр бөлігінің көлемі Q, E, Y шамаларын бөліктің эллипсоидтық құрылымының түзету коэффициентіне – 0,479 көбейту арқылы табылады. Қалқанша бездің көлемі, егер ультрадыбыстық зерттеу нәтижесінде ерлерде-25 мл, әйелдерде -18 мл шамасынан асса, бұл - зобтың айқын белгісі.

Нәтижелерді талқылау: Зерттеу жұмысы ҚазҰМУ базасында жүргізілді. Жалпы медицина факультетінің 3 курс студенттері (79 студент: 27 ұл, 53 қыз) қатысты. Сауалнама 10 сұрақтан, арнайы 3 жауаптан тұрды. (мысал ретінде тек екі диаграмма көрсетілді)

1. Сіздің тамақтану режиміңіз қандай? 2. Құрамында йоды көп тағамдарды қолданасыз ба?



Зерттеу нәтижесі бойынша студенттердің тағам рационында йоды бар тағамдардың, көкөністердің жетіспейтіні анықталды. Тамақтану режимі бірқалыпты емес, ас тұзын мөлшерінен артық қолданады. Студенттердің 58% йод препараттарын қабылдаған, бұл зерттеу барысында анықталды. Сондықтан, бүгінде йодтың жетіспеушілігі студенттердің интеллектуалды қабілетінің төмендеуімен қоса еңбекке қабілеттілігінің азаюы жағдайларына әкеліп соғуда.

Йодтың адам ағзасындағы құрамы мезгілге байланысты: қыркүйек пен қаңтар айлары аралығында йодтың концентрациясы төмендейді, ақпан айында жаңадан көтеріле бастайды, ал мамыр мен маусым аралығында йодтың құрамы ең жоғарғы деңгейіне жетеді. Бұл ауытқу әлі күнге дейін жұмбақ болып қалуда.

Қазақстанда йод жетіспеушілігі түсік тастау, баланың ақыл-ойының кеш дамуына әкеп соғатын негізгі фактор болып отыр. Бұл тұрғыда ЮНИСЕФ халықаралық ұйымдармен, Қазақ тағамтану академиясымен бірлесіп бағдарламалар қабылдауда. Қазақстан тұзды йодтау жөнінен алдыңғы қатарда тұрған елдің бірі екенін 2009 жылы төрт халықаралық ұйым (IDDICC, WHO, UNICEF, GAIN) құжатнамалық негізде тіркеген. «Аралтұз» сияқты сапалы йодталған тұзды өндіретін кәсіпорындардың бұл жетістікке жетудегі үлесі қомақты. Алайда соңғы кезде шет елден келетін 10 пайыз мөлшердегі сапасыз тұз өнімдері бұл жетістікке біраз көлеңкесін түсіруде. Әлемдегі 110 мемлекетте йод жетіспеушілігі бар екені анықталған. Бүгінде йод мөлшерінің қажетті деңгейде болуына әлемнің дамыған елдері қатты мән беруде. Мәселен, АҚШ үшін йод тапшылығын жою даму саясатының экономикалық тиімді мақсаттарының бірі болып табылады. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы 2014 жылы ғылыми зерттеу жұмыстары аясында йодталған тұзды үй жағдайында тиімді мөлшерде пайдалану жөнінде нұсқаулық шығарды.

Қорытынды: Йод жетіспеушілігі медициналық мәселе болғанмен оны медициналық тұрғыдан шешу мүмкін емес. Яғни йодтың аздығынан ауруға шалдыққандарды медициналық жолмен емдейміз деген бос сөз. Теледидардан күнделікті жарнамаланып жатқан дәрі-дәрмектер де көмектеспейді. Бір ғана жол бар, ол — күн сайын дұрыс тамақтану, йодталған тұзды мөлшерімен тұтын. Әрине, тек йодталған тұзды тұтыну арқылы ағзаға қажетті элемент толық мөлшерде қабылданады деуге болмайды. Тұзды көп мөлшерде пайдаланудың зиянды екені белгілі. Сондықтан жалғыз йодталған тұзбен йод тапшылығы жойылады деуге болмас. Йод қандай өнімдерде көбірек болады десек, йодтың мол мөлшерін қамтитын өнімдердің басында балық, балық уылдырығы, қарақұмық (гречка), құрма, теңіз қырыққабаты, сұлы, сүт және сүт өнімдері, нан, қызылша, сәбіз, жеміс-жидектер тұр. Сондай-ақ, «Жылдам қорытылатын жылқы етінің құрамында А, В дәрумендері, никотинамид, темір, кобальт, фосфор, кальциймен қатар йод та бар» дейді ғалымдар.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ә. Нұрмұхамбетұлы. «Клиникалық патофизиология». Алматы: «Эверо», 2010. – 682 бет
2. Ә. Нұрмұхамбетұлы. Ұрық дамуы мен балалық шақ ауруларының патофизиологиясы. - Алматы, 2004 – 25-26 бет

РЕЗЮМЕ

Молайханов Шохмурод Анарханович – студент 3 курса КазНМУ им.С.Ж.Асфендиярова. г. Алматы, Республика Казахстан, molaykhanov96@mail.ru. Научные руководители : ст.преодователь **Алипбекова Айгуль Сураповна**, КазНМУ им. С.Ж.Асфендиярова, кафедра норм.физиология, г. Алматы.,Республика Казахстан. alipbek_aigul@mail.ru; доцент **Хасенова Кадиша Хамзеновна**, КазНМУ им. С.Ж.Асфендиярова, кафедра норм.физиология, г. Алматы., Республика Казахстан Khassenovakx@mail.ru

ОПРЕДЕЛЕНИЕ ДЕФИЦИД ЙОДА СРЕДИ СТУДЕНТОВ

Человеку за всю жизнь необходимо всего 4,5 - 5 грамма йода. Если в продуктах питания совсем не будет йода, то ребенок не будет расти, возникнет зуб. Йод является особенным элементом для беременных женщин и для лиц работающих в тяжелых условиях труда.

Ключевые слова: йододефицит, щитовидная железа, тиреоидные гормоны, реализация национальной программы йодирования соли.

SUMMARY

Molaykhanov Shokhmurod Anarkhanovich – the student 3 courses of KAZNMU of S. Zh. Asfendiyarov. Almaty, Republic of Kazakhstan, molaykhanov96@mail.ru. Research supervisors: **Alipbekov Aygul Surapovna's**, KAZNMU of S. Zh. Asfendiyarov, norm.fiziologiya, Almaty., Republic of Kazakhstan. alipbek_aigul@mail.ru; associate professor Hasenova Kadisha Hamzenovna, KAZNMU of S. Zh. Asfendiyarov, norm.fiziologiya, Almaty., Republic of Kazakhstan Khassenovakx@mail.ru

DEFINITION DEFICIENCY OF IODINE AMONG STUDENTS

The person for all life needs only 4,5 - 5 grams of iodine. But, if, in food there is no iodine at all, the child won't grow, there will be a crawl. Iodine is a special element for pregnant women to the woman for persons работающих в severe conditions of work.

Key words: lack of iodine, a thyroid gland, implementation of the national program of iodination of salt.

УДК 613.95.84

Булешов М.А., м.ғ.д., профессор, **Туманбаева А. М.**, магистр, ОҚМФА, Шымкент қ.. **Омарова Б.А.**, докторант, Ахмета Ясауи атындағы ХҚТУ, Түркістан қ..

БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕР ӨЛІМІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ГИГИЕНАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

АННОТАЦИЯ

Жасөспірімдер туралы ғылымның ең өзекті мәселесінің бірі, осы жастық топтың арасында қалыптасқан өлім-жітімнің тоқтаусыз өсімі болып табылады. 2012 жылғы ресми деректерге қарағанда әлемде 1,3 миллион жасөспірім өлім-жітімге ұшыраған. ДДСҰ жинақтаған деректі материалдары жасөспірімдердің денсаулығына кері әсерін тигізіп, әлеуметтік мәселеге айналдырып отырған себептердің қатарына темекі шегу, алкогольдік ішімдікке салыну, наркотиктерге құмарту, АҚТҚ, жарақаттану, психикалық денсаулықтың бұзылуы, тамақтанудың сапасыздығы, сексуалдық және репродуктивтік денсаулықтың нашарлауы, зорлық-зомбылық сияқты элементтер жатады.

Кілт сөз: балалар, жасөспірімдер, балалар мен жасөспірімдер өлімі.

Өзектілігі. Өскелең ұрпақтың денсаулығын қорғау қазіргі таңда аса өзекті мәселе болып табылады және жалпы қоғамдық денсаулық сақтауда үлкен әлеуметтік және медициналық маңызға ие. Бала денсаулығының бұзылыстарына оның денсаулығына кері әсерін тигізетін мектептік себептердің маңыздылығы жоғары. Оқыту үрдісін дұрыс ұйымдастырмау, демалу және еңбек ету ережелерін гигиеналық талаптарға сай сақтамау, мектеп жасындағы балалардың денсаулықтарына кері әсерін тигізеді. Жол-көлік апатына ер балалар қыздарға қарағанда үш есе жиі ұшырайды екен. Автокөліктерде жүру қауіпсіздігін арттыру жалпы адамдардың өмірін сақтап қалуға, оның ішінде әсіресе жасөспірімдер өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге өте жақсы жағдай жасар еді. Дүниежүзі бойынша жыл сайын 1 миллион адам өз-өзін ажалға қаса, 10-20 миллиондай адам өзін өлтіруге әрекет жасайды. Соңғы бесжылдықта кәмелетке толмай өзіне қол жұмсағандар саны-14157 жасөспірімді құрады.

Зерттеу мақсаты: Жасөспірімдердің өлім-жітімі көрсеткіштерінің көпжылдық үдерісін және медициналық-әлеуметтік сипаттамасын анықтау арқылы олардың денсаулығын нығайтуға бағытталған тәжірибелік ұсыныстар жүйесін қалыптастыру.

Зерттеу материалдары: Жасөспірімдердің өлім-жітімі туралы қалалық емханалық ұйымдардың ресми есеп беру құжаттары, сұрақнама материалдары. Жасөспірімдердің өлім-жітімі туралы қалалық емханалық ұйымдардың ресми есеп беру құжаттары, сұрақнама материалдары.

Зерттеу әдістері: сараптамалық, медициналық-статистикалық, социологиялық. Шымкент қаласы-

ның әлеуметтік-экономикалық, санитарлық-гигиеналық және экологиялық ахуалына объективті баға беру мақсатында Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің ресми статистикалық деректі материалдарын (құжаттарды) пайдаландық. Арнайы әзірленген зерттеу картасына қоршаған орта нысандарын әлеуметтік-гигиеналық және санитарлық-эпидемиологиялық тұрғыда тексерудің қорытындылары мен деректі мәліметтерін картограмма түрінде түсірдік. Зерттеудің келесі кезеңінде социологиялық әдісті қолдана отырып, тұрғын халықтың арасында сауалнама жолымен олардың денсаулығы мен қатерлі себептерін анықтауды кешенді түрде зерттеу қолға алынды. Бұл социологиялық зерттеу медицина қызметкерлері мен тұрғын халықтың (респонденттердің) «бетпе-бет» сұхбаттасуы түрінде жүзеге асырылды. Сауалнамада респонденттерге дайын жауаптардың жүйелі нұсқалары ұсынылса, сұрақнамаға тартылғандар олардың *ішінен* дұрыс деп танылған жауапты таңдап алып белгіледі. Біздің сауалнамамыздың ерекшелігі сол, тұрғындарының арасындағы ауру-сырқауларды тереңдеп зерттеуге арналып әзірленген статистикалық картамен толық үйлеседі. Сұхбаттасу арқылы жүргізілген сұрақнама кешенді дәрігерлік тексеруден өтіп жатқан пациенттердің арасында да жүргізілді. Біздің әдістемелік тәсіліміздің ерекшелігі жасөспірімдер денсаулығына қалалық ортада әсер ететін қауіп-қатерлер кешені жайлы ақпаратты біруақытта жинақтауда болып отыр. Сауалнама-картасының бұл бөліміне өздеріне қатысты жауап нұсқалары берілген жабық түрдегі 15 сұрақ кіреді. Өнеркәсіптік кәсіпорындардағы еңбек ету ортасының қауіп-қатерлерінің тұрғындар патологиясының дамуына тигізетін жағымсыз әсерінің ерекшеліктерін ескеретін сұрақтардың үшеуін таңдап алдық. Зерттеу нысандарының қатарына жатқызылған емдеу-алдын алу ұйымдарының дәрігерлік-ұйымдастыру шараларына сипаттама беру үшін бұл қажетті ақпаратты жинақтауға арналған арнайы статистикалық картаны әзірледік.

Қолданылған әдістемелік тәсілдер аурушандықты тереңдеп зерттеу ісінде де қолданылды. Осының арқасында әрбір отбасы мүшесін дәрігерлік тексерулерден өткізу барысында ауру-сырқау туралы деректерді бір мезетте көшірмелеу; қол жеткізген деректерді кешенді дәрігерлік тексеру материалдарымен толықтыру; сондай-ақ алдыңғы 2-3 жылда тіркелген, бірақ шағымданулар болмаған созылмалы аурулардың қатарымен толықтыру. Соңғы жылдарда тұрғындардың тез картаюына байланысты созылмалы аурулардың қарқынды түрде өсуі байқалады. Тұрғындардың аурушандығы мен өлім-жітімі жайлы материалдарды статистикалық жинақтау мен өндеуден өткізу жұмыстары ДДҰ-ның 43-ші Халықаралық конференциясында оныншы рет қайта қаралып бекітілген «Ауру-сырқаулардың және денсаулықпен байланысты мәселелердің халықаралық статистикалық классификациясына» сәйкес жүзеге асырылды.

Негізгі нәтижелер: Жасөспірімдер өлімінің ең басты себебі жол-автокөлік апатынан туындайтын ауыр жарақаттар деуге болады. Соңғы он жылда (2004-2014 жылдары) жол-көлік апатынан туындаған өлім көрсеткіші ОҚО жасөспірімдері арасында айтарлықтай өсім берді.

Соңғы жылдардағы деректерге қарағанда жасөспірімдердің әрбір төртінші өлімінің себебі алкогольдік ішімдікке салынудан туындаған. Алкогольдік ішімдікті алғаш рет татып көргендер арасында 11 жасар балалардың үлес салмағы 2004 жылы 4,7% құраса, 2014 жылы оның деңгейі 8,2% жетіп отыр. Ал 15 жасында арақ ішіп мас болғандардың үлес салмағы ер балалардың арасында 65,8%, ал қыздардың арасында 42,1% түзеді. 17 жастағы жасөспірімдердің арасындағы алкогольдік ішімдікті қабылдағандардың үлес салмағы 76,8%-ға жетіп отыр. Жер беті тұрғындары арасында жыл сайын 1 миллионнан астам адам өз-өзін ажалға қиып, орта есеппен алғанда 15 миллиондай адам өзін өлтіруге әрекет жасайды. Өзіне-өзі қол жұмсайтын адамдардың арасында жастар өлімінің көбеюі аса алаңдатуда. Өз-өзіне қол жұмсаудың қазіргі таңда көптеген тәсілдері анықталып отыр. Ер балалар арасындағы 2004-2014 жылдары қалыптасқан деңгейі 4,2-5,1‰ болып айтарлықтай динамикалық өсім берсе, қыздардың арасында 3,7-4,1‰ деңгейі аралықта қалыптасқан болып шықты.

Біздің Республикада, оның ішінде Шымкент қаласы жасөспірімдерінің өлім-жітіміне себеп болатын аурулардың арасында жүрек-қан айналу жүйесінің патологиялары үшінші рангалық орынды қамтиды. Бұл аурулардан өлім-жітім динамикасы 2004-2014 жылдар аралығында тексерілді. Оның динамикасы (2004 жылы 3,64‰ болса, 2014 жылы 3,50‰ жеткен) бірте-бірте төмендеп жатқандығын көрсетеді. Осы жылдардағы динамиканың серпіні 3,9 %-ға төмендегенін көрсетеді. Дәл осы жағдай онкологиялық және неврологиялық ауруларға да қатысты. Айта кететін жағдай жасөспірімдерінің өлім-жітіміне себеп болатын аурулардың арасында онкологиялық аурулар төртінші рангалық орында тұр. Бұл патологиялардан туындаған өлім-жітімнің деңгейі 2004 жылы 1,12‰ құраса, 2014 жылы 1,36‰ түзеді.

Жасөспірімдерінің өлім-жітіміне себеп болатын аурулардың арасында неврологиялық патологиялар бесінші рангалық орында тұр. Осы патологиялардан туындаған өлім-жітімнің деңгейі 2004 жылы 0,59‰ құраса, 2014 жылы 0,63‰ түзеді.

Қорытынды. Жасөспірімдер арасындағы өлім-жітімнің негізгі себептеріне жарақаттар (3,7-5,5‰), жүрек-қан айналу жүйесі аурулары (3,50‰), онкологиялық патологиялар (3,50‰) жатады. Осы аурулардың деңгейі соңғы 10 жыл ішінде тоқтаусыз өсім беруде.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Айдарбекова Д.Ж. Роль медико-социальных факторов в формировании здоровья детей подросткового возраста и пути совершенствования профилактической помощи // Диссертация на соискание степени магистра -Шымкент, 2012. с.61.
2. Каграманов В.И. Комплексная оценка последствий болезней и причин инвалидности в детской популяции // Автореф дис. уанд. мед. наук/Моск. мед.акад. им.И.М.Сеченова. М. , 1996. 24с.
3. Молодцов С.А. Заболеваемость школьников старшего возраста и пути ее снижения //Автореф. дис. канд. мед.наук /Каф. соц медицины, орг. и экономики здравоохранения Нижегород. гос. мед.акад. М. , 1997. - 26 с.
4. Игнатова Л.Ф. Мониторинг состояния здоровья и факторов риска детского населения // Шк. здоровья, 1997, № 3 с.74-78 29. Карабаалин Н.С. Репродуктивное здоровье и совершенствование медико-социальной помощи девушкам-учащимся средних и высших учебных заведениях (на примере г. Алматы) // Автореф. дис. канд. мед. наук. Алматы, 2007.- с.30.

РЕЗЮМЕ

Булешов М.А., д.м.н., профессор, **Туманбаева А. М.**, магистр, ЮКГФА, г. Шымкент. **Омарова Б.А.**, докторант, МКТУ имени Ахмета Ясауи, г. Туркестан.

СОЦИАЛЬНО-ГИГИЕНИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ СМЕРТИ ДЕТЕЙ И ПОДРОСТКОВ

Непрестанный прирост смертности детей и подростков, является одним из самых актуальных вопросов науки о юности. По официальным данным 2012 года смертность подростков и детей в мире составляет 1,3 млн. По данным ВОЗ, к социальным причинам, противодействующим на здоровье подростков, относятся курение, злоупотребление алкоголем, увлечение наркотиками, ВИЧ, травмы, психические расстройства, не правильное питание, ухудшение репродуктивного и сексуального здоровья, насилие.

Ключевые слова: дети, подростки, смертность.

SUMMARY

Buleshov M. A., professor, **Tumanbayeva A. M.**, master, **YuKGFA**, Shymkent. **Omarova B. A.**, the doctoral candidate, **MKTU of Ahmet Yasau**.

SOCIAL AND HYGIENIC PROBLEMS OF DEATH OF CHILDREN AND TEENAGERS

The incessant gain of mortality of children and teenagers, is one of the most topical issues of science about youths. According to official figures 2012 mortality of teenagers and children in the world makes 1,3 million. According to WHO data, smoking, abuse of alcohol, hobby for drugs, HIV, injuries, mental frustration, not healthy nutrition, deterioration of reproductive and sexual health, violence belong to the social reasons counteracting on health of teenagers.

Key words: children, teenagers, mortality.

УДК 61-057.875 : 316.65

Ворошилова Н.В. – студент 4 курса, Южно-Казахстанской государственной фармацевтической академии, г.Шымкент, Республика Казахстан, the_illuminati@mail.ru

Кунпейсов И.А. – студент 3 курса, Южно-Казахстанской государственной фармацевтической академии, г. Шымкент, Республика Казахстан, ilya_kunpeisov@mail.ru

Темиров А.К. - студент 3 курса, Южно-Казахстанской государственной фармацевтической академии, г. Шымкент, Республика Казахстан, asian_ukgma@mail.ru

Тулегенова А.А. – старший преподаватель, Южно-Казахстанской государственной фармацевтической академии, г. Шымкент, Республика Казахстан, taa8009@mail.ru

Научный руководитель – **Биболова А.С.**, к.м.н., Южно-Казахстанская государственная фармацевтическая академия, г.Шымкент, Республика Казахстан. aliya.seysenbaevna@mail.ru

ОПРЕДЕЛЕНИЕ ПЕРСОНАЛЬНЫХ КЛЮЧЕВЫХ РОЛЕЙ СТУДЕНТОВ- МЕДИКОВ КАК ОСНОВНОЙ ФАКТОР УСПЕШНОЙ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

РЕЗЮМЕ

В данной статье приведены результаты социологического опроса. Целью опроса являлось определение основных ключевых ролей студентов-медиков. Правильное и ранее определение основных ключевых ролей студентов-медиков является основным фактором успешной профессиональной деятельности. Так как персональные ключевые роли - это позиции людей в обществе с их собственной точки зрения.

Ключевые слова: персональные роли, социологический опрос, позиция в обществе, профессиональная деятельность.

Человек ежедневно взаимодействует с разными людьми и социальными группами. Редко бывает, когда он полностью взаимодействует только с членами одной группы, например семьи, но он в то же время может быть и членом трудового коллектива, общественных организаций и т. п. Входя одновременно во многие социальные группы, он занимает в каждой из них соответствующее положение, обусловленное взаимоотношениями с другими членами группы. Для анализа степени включения индивида в различные группы, а также положений, которые он занимает в каждой из них, используются понятия социального статуса и социальной роли. Социальный статус обычно определяется как положение индивида или группы в социальной системе, имеющее специфические для данной системы признаки. Каждый социальный статус обладает определенным престижем. Все социальные статусы можно подразделить на два основных типа: те, которые предписываются индивиду обществу или группой независимо от его способностей и усилий, и те, которые личность достигает своими собственными усилиями. Помимо этого, существует третья понятие-персональные ключевые роли. Они заключаются в том, как индивид себя ощущает, то как сам он позиционирует себя в жизни.

